



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ пен ЫНТЫМАҚТЫ НЫҒАЙТАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПЛАТФОРМА



Өткен аптада Қазақстанның бас қаласы екі күн қатарынан мәртебелі меймандарды қабылдап, үлкен диалог алаңына айналды. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК) кезекті 6-саммитіне келген қонақтар ұйымның 30 жылдығына орай шақырылған еді. Шараға Қазақстан төрағалық етті.

Саммитке барлығы 11 мемлекет басшысы, атап айтар болсақ: Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ирак, Иран президенттері, Катардың әмірі, Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары, Вьетнамның вице-президенті қатысты. Айта кету керек, АӨСШК бастамасын Қазақстан 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында көтерген болатын. Қызметтің негізгі мақсаты мен бағыты Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің көпжақты тәсілдерін әзірлеу арқылы ынтымақтастықты нығайту. Құрылған

күннен бастап АӨСШК құрамы Азия континентінің 90 пайызын қамтитын 27 мүше мемлекетке дейін өсті. Бүгінде бұл ұйым көпжақты ынтымақтастық алаңына және заманауи дипломатияның халықаралық институтына айналып отыр. Дәстүр бойынша жиын тізгінін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұстап, баяндама жасады. Онда Мемлекет басшысы ғаламшардағы геосаяси жағдайға айрықша тоқталып, одан шығудың мүмкіндіктері жайлы ойын ортаға салды, басымдықтарын белгіледі. – Біз бүгін бұрын-соңды болмаған геосаяси дауыл мен жаһандық экономикадағы дағдарыс-

тың күшеюі жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Бұл құбылыс бұрыннан «жаһандық дисфункция» деп аталады. 2019 жылы өткен АӨСШК саммитінен бері әлемдік қоғамдастық ауыр сынақтарды бастан кешірді, оның жағымсыз салдары жаһандық дамуға әсер етуде. Менің ойымша, біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – бұрын-соңды болмаған қауіп-қатер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа қол жеткізу. Көпжақты тетіктерге жаңа серпін беріп, ашық диалогқа қайта оралу, – деді ол.

(Соңы 2-бетте)



РЕСПУБЛИКА КҮНІ –
ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ
ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ
ҚАДАМ

2-бет



МАҢҒЫСТАУДЫҢ
ТУРИЗМДІ ДАМУҒА
ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

3-бет



ТАМҰҚТАН ЖЕТКЕН ҮН

8-бет

АЛТЫН КӨПІР

БАӘ-нің КОМПАНИЯЛАРЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

Жақында Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев БАӘ-нің ірі бизнесмендерінің бірі, Etihad Towers көп функционалды кешенінің иесі, «First Abu Dhabi Bank» акционері, Абу-Даби Әмірлігіндегі билеуші отбасының өкілі Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаянмен кездесті.

Шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаян Маңғыстау облысында инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға өзінің жеке дайындығымен қатар, БАӘ-нің басқа да ірі компанияларының қызығушылығын да атап өтті.

Өңір басшысы Нұрлан Ноғаев өз кезегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолайлы инвестициялық ахуал құру жөніндегі тапсырмасына сүйене отырып, жергілікті атқарушы органдар тұрақты негізде инвестициялар тарту, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі іс-шараларды жүргізіп жатқанын және Маңғыстау облысының аумағында инвестициялық жобаларды бірлесіп іске асыру үшін қолданыстағы заң аясында барлық қажетті күш-жігерді жұмсауға дайын екенін атап өтті.

Кездесу барысында тараптар БАӘ өкілдері мен Маңғыстау облысы арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың аспектілерін талқылады.


Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бағдат АХМЕТОВ,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары»
қоғамдық бірлестігінің мүшесі:

«ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН
ШЫНДЫҚ —
ЗАҢДЫЛЫҚҚА
ӨКЕЛЕТІН ТІКЕ ЖОЛ»



– Бағдат Қаспақұлы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйектегі жолдауында «Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет» деп атап өтті. Бұдан қандай ой түйдіңіз?

(Соңы 5-бетте)

ТҰРАҚТЫЛЫҚ пен ҒЫНТЫМАҚТЫ НЫҒАЙТАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПЛАТФОРМА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президенттің айтуынша, Азия адамзат өркениетінің дамуына орасан зор үлес қосты. Бірнеше мыңжылдықтар бойы біздің макроөңірдің мемлекеттері бүкіл адамзаттың әлеуметтік, мәдени және технологиялық прогресінің негізгі қозғаушы күші болды. XXI ғасыр Азия ғасыры болады деген болжам бүгінде шындыққа айналды. Азия номиналды ЖІӨ және сатып алу қабілетінің паритеті бойынша мойындалған әлемдік экономикалық көшбасшыға айналды. Өңірде айтарлықтай адами және табиғи ресурстар бар.

Азияда әлемдегі ең ірі 30 қаланың 21-і орналасқан. 2030 жылға қарай орташа таптың тұтыну өсімі 30 триллион долларды құрайтын болжамды көрсеткіштің тек 1 триллион доллары батыс елдерінің экономикасынан түседі деп күтілуде. Дегенмен, Азияның болашағының өзі біздің мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтуға ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ні дамыту бойынша қабылданған қадамдар осы мақсатқа сәйкес келеді.

Қазақстан Кеңес төрағасы ретінде АӨСШК аясындағы үдерісті одан әрі ілгерілету бойынша күш-жігерді арттыру міндетін қойып отыр. Өткен жылы АӨСШК сенім шараларының каталогы қайта қаралды, оған эпидемиологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау және фармацевтика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қауіпсіздігі сияқты ынтымақтастықтың жаңа басым бағыттары кірді. АӨСШК талдау орталықтарының форумы Азияның түкпір-түкпірінен келген сарапшылар мен мамандарға тәжірибе, идеялармен алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін әмбебап алаң болады. Биыл Астанада АӨСШК Іскерлік кеңесі мен Бизнес форумы, сондай-ақ АӨСШК Жастар кеңесінің бесінші отырысы өтті. Енді АӨСШК қоры құрылады. Оның мақсаты – АӨСШК жобала-

рын таңдаудың және оларды жүзеге асыру үшін ерікті қаражат жинаудың арнайы тетігін құру. Бақылаушылар мен серіктестер саны да артып келеді. Түрікменстан АӨСШК-ге бақылаушы ретінде қосылды. Еуразиялық экономикалық одақпен және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығымен ынтымақтастық орнату туралы шешімдер қабылданды.

Бұдан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның 2022–2024 жылдарға төрағалық етудің жаңа мерзімі туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше барлық мемлекеттерге алғысын білдірді. Бұл орайда Қазақстан Президенті:

– Саяси диалогтың аймақтық алаңы ретінде АӨСШК-нің жетілгендігі мен тиімділігі оны одан әрі трансформациялау үшін бастапқы нүкте туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше барлық мемлекеттерге алғысын білдірді. Бұл орайда Қазақстан Президенті:

– Саяси диалогтың аймақтық алаңы ретінде АӨСШК-нің жетілгендігі мен тиімділігі оны одан әрі трансформациялау үшін бастапқы нүкте туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше барлық мемлекеттерге алғысын білдірді. Бұл орайда Қазақстан Президенті:

– Саяси диалогтың аймақтық алаңы ретінде АӨСШК-нің жетілгендігі мен тиімділігі оны одан әрі трансформациялау үшін бастапқы нүкте туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше барлық мемлекеттерге алғысын білдірді. Бұл орайда Қазақстан Президенті:

– Саяси диалогтың аймақтық алаңы ретінде АӨСШК-нің жетілгендігі мен тиімділігі оны одан әрі трансформациялау үшін бастапқы нүкте туралы өтінішін қолдаған АӨСШК-ге мүше барлық мемлекеттерге алғысын білдірді. Бұл орайда Қазақстан Президенті:

туралы алаңға айналдыруды ұсынды. Ол мұны АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы ынтымақтастығын жандандыру үшін үлкен маңызға ие деп санайды. Трансформация экономиканы қалпына келтіруге, тұрақты және инклюзивті дамуға, конкурентті аясында аймақтық және субөңірлік қаржылық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Мемлекет басшысы экологиялық қауіпсіздікке де айрықша тоқталды.

– Климаттың өзгеруі табиғи апаттарға алып келеді, олар барған сайын күтпеген және апатты сипатқа ие болуда. 2021 жылы олар Азиядағы 57 миллион адамға әсер етті. 2050 жылға қарай мұндай табиғи апаттардан Азия елдерінің экономикасына келетін ықтимал шығын ЖІӨ-нің 26 пайызын құрауы мүмкін. Жақында Пәкістандағы қатты су тасқыны үлкен гуманитарлық апатқа айналды. Климаттық дағдарыс әскери қақтығыстарға әкелуі және үлкен әрі бақыланбайтын көші-қон ағындарының катализаторына айналуы мүмкін. Экономиканы декарбонизациялау мәселесі Азия үшін өте өзекті. Бұл мәселені шешу үшін бұрын-соңды болмаған көлемдегі инвестиция қажет. 2024 жылы Астанада АӨСШК елдеріндегі экологиялық мәселелер бойынша жоғары деңгейдегі конференция өткізуді ұсынамын. Бұл конференцияның нәтижелері АӨСШК экология саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесін құруға негіз бола алады, – деді бұл орайда Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен қатар АӨСШК кеңістігінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты жұмыс істейтін тетігінің де қажет екенін атап өтті. Бұл орайда Мемлекет басшысы Азияның дүниежүзіндегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үштен екісін ғана өндіріп, кенжелеп отырғанына назар аударғанын бұл жағдайдан шығу үшін маңызды өнімдердің ұлттық стандарттарға сәйкестігін бағалаудың бірінші тәсілін әзірлеп, сондай-ақ, осы санаттағы тауарлар үшін АӨСШК-ге мүше мемлекеттер арасын-

да «жасыл дәліз» құру қажет. АӨСШК мен штаб-пәтері Астанада орналасқан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы арасында ынтымақтастық орнатудың болашағы бар. Бұл мемлекеттердің ауыл шаруашылығының әлеуетін ескере отырып, мұқтаж елдерді азық-түлікпен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ету шараларын қолдануға мүмкіндік берер еді.

Қазақстан Президенті адами өлшемге, адам ресурстарын сақтау мен дамытуға қатысты да өз ұстанымын жеткізді. Оның айтуынша, бұл баса назар аударуды қажет ететін маңызды мәселе.

– Ағымдағы жылдың шілде айында Астанада Жастар кеңесі отырысының сәтті өтуі осы бағыттағы ынтымақтастықтың зор болашағын көрсетеді. Осыған байланысты 2024 жылы Астанада Жастар кеңесінің мұрындық болуымен АӨСШК елдерінің волонтерлік қозғалыстары жетекшілерінің жиынын өткізуді ұсынамын. АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің жетекші университеттерінің серіктестік желісін құру үлкен перспектива ашады. Бұл желі арқылы IT, нанотехнология және жаңартылатын энергия көздері сияқты инновациялық салалардағы жобалармен алмасуға болады, – деп түйінделі сөзін Қ.Тоқаев.

Сөзінің соңында Қазақстанның АӨСШК-ні одан әрі дамытуды жақтайтынын қуаттап, оның бірегей форматы мен географиясын ескере отырып, Кеңестің келешегі зор және үлкен болашағы бар екеніне сенім білдірді. Кеңесте Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Ибрагим Раиси, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-Министрі Шахбаз Шариф, Палестина Президенті Махмуд Аббас, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қытай Халық Республикасы төрағасының орынбасары Ван Цишань, Вьетнам вице-президенті Во Тхи Ань Суан, Беларусь Президенті Александр Лукашенко сөз сөйледі.

БАҚ өкілдері Путин өз сөзінде азиялық елдердегі әріптестеріне Украина қалаларына жалғасып жатқан қарулы қақтығысқа қатысты өз ұстанымын білдіреді деп күткен. Бірақ Ресей Президенті бұл тақырыпты айналып өтті. Ол Ауғанстандағы жағдай туралы болжам жасап, ауған халқына оккупациядан келтірілген залалды өтеуді және олардың бұғатталған шоттарын ашуды ұсына келіп, «Бұл ел АҚШ-тың 20 жылдан астам әскери қатысуынан кейін және НАТО-ның сәтсіз саясаты салдарынан лаңкестік қауіп-қатерге байланысты мәселелерді өз бетінше шеше алмады. Мұны жалғасып жатқан қанды шабуылдар тізбегі растайды. Сонымен бірге, Путин әлемдік қаржы жүйесінің жұмыс істеу принциптерін қайта қарауды ұсынды. Алайда Путиннің ұсыныстары төңірегінде дау-дамай болған жоқ.

АӨСШК елдерінің басшылары өз проблемалары туралы көбірек айтуды жөн көрді. Тек Режеп Тайып Ердоған ғана Украинаны есіне алып, «Украинадағы дағдарыстың зардаптарын аймақтық және жаһандық деңгейде әлі де көріп отырмыз. Әділ әлемге дипломатия арқылы ғана қол жеткізуге болатынын үнемі айтып келеміз», – деді.

Саммиттің нәтижесінде жобаларды іріктеп, оларды жүзеге асыру үшін ерікті қаражат жинайтын АӨСШК қоры құрылды. Бақылаушылар мен серіктестер саны артты. Өткен жылы Түрікменстан АӨСШК-ге бақылаушы ретінде қосылса, биыл жаңа қатысушы – Кувейт пайда болды. Еуразиялық экономикалық одақпен және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығымен ынтымақтастық орнату туралы шешімдер қабылданды. Қорытынды құжат АӨСШК платформадағы аймақтық тұрақтылық пен ынтымақтастық мәселелерін шешуде әсерлі дауыс пен күшке ие болатын қуатты халықаралық ұйымға толық трансформациялаудың негізін қалаған Астана мәлімдемесінің қабылдануы болды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МІНБЕР



Республика күні – Қазақстан тарихында алтын әріппен жазылған мерейлі мереке. 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Егемендік туралы декларация» саяси жағынан маңызы зор, қоғамға үлкен әсер еткен құжат болғаны белгілі. Еліміздің дербестікке, тәуелсіздікке жасаған қадамы осы декларацияны қабылдаумен тығыз байланысты.

Жалпы, бұған дейін Республика күнінің тәуелсіздік мерекесінің тасасында қалып келгені ешкімге жасырын емес. Ал, желтоқсан құрбандарын еске алу күнінің тәуелсіздік мерекесімен тұспа-тұс келуі ұлық мейрамның маңызына көлеңке түсіргені рас. Осыған орай 25 қазанды өз деңгейінде атап өтіп, тәуелсіздік тарихымен байланыстыру мәселесі азаматтық қоғамда жиі талқыланатын. Соған орай республика күнін қайта жаңғырту көпшіліктің ұсыныс-пікірін ескере отырып қабылданған өте дұрыс қадам болды.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ

Биыл Республика күні елімізде ұлттық мереке ретінде алғаш рет аталып өткелі отыр. Бұған қатысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына 29 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Бұл заңда 25 қазан ұлттық мереке – Республика күні, ал 16 желтоқсан мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні ретінде бекітілген.

Ұлттық мерекенің ерекшелігі неде? Еліміздің заңдарында көрсетілгендей, ұлттық мереке деп Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер танылады. Ұлттық мерекелерді атап өту кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі.

Жаңғырған мерекенің тарихы тереңнен бастау алады. Оны ұрпақтың санасына сіңіріп, негізгі міндет-мақсатын жұртшылыққа насихаттау үрдісі тоқтамауы керек. Бұл декларацияда Қазак КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалған болатын. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата Заңымызды құруға қадам бастық. Қазақстан үшін қадірлі құжатта ел аумағының тұтастығы, оған қолсұғылмайтындығы, қазақ халқының және отанымыздағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі деп айқындалған. Сондай-ақ, декларацияда Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандардың заң бойынша жазаланатыны ескертілген. Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты

мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні де осы құжатта жарияланды. Декларациядағы бағдарлама негізінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданғаны есімізде.

Әрине, заман алға жылжып, уақыт ілгерілеген сайын заңның өзгеріп, толықтырылып отыратыны, соған сай құндылықтардың да жанаратыны қалыпты жағдай. Мәселен, 2001 жылдан бастап ұлттық мерекелер тізімінде болған республика күнінің 2009 жылғы Жарлыққа сәйкес өз статусынан ажырағаны белгілі. Алайда биыл маусым айында еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынып, көптен бері көпшілік көкейінде жүрген мәселеге жаңа сипат берді.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-ін жыл сайын Егемендік күні деп еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деді. Бұған қарап, Тәуелсіздік күнінің маңызы төмендейді деген сәтте түсінік қалыптаспауы керек. Азаматтар ойындағы күмәнді сөйлткен Мемлекет басшысы: «Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке болып қала береді. Бұл күн тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан Ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», – деген ойын қадап айтты.

Қазақстанның азаттығын бекітіп, тәуелсіздігін нығайтқан бұл күн халықтың бірлігін, татулығын нығайтуға үздіксіз қызмет етері күмәнсіз.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қонаев қалалық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ

Өңірде туризмді дамыту – экономиканың басым бағыттарының бірі. Бірнеше жыл бұрын Маңғыстау облысы еліміздің әлеуеті зор 10 туристік аймақтың қатарына кірді. Ал 2020 жылы Ақтау қаласы мен Каспий жағалауындағы Құрық портына дейінгі аумақта теңіз курорты мен жасағай туризмін өркендету өңір туризмін дамытудың негізгі бағыты ретінде айқындалды.

Алдағы үш жылда облыста 100 млрд теңге көлемінде қаржыға 15 жобаны іске асыру жоспарланды. Биыл жыл соңына дейін үш жоба іске қосылады. Олардың қатарында көпфункционалды қонақ үй – туристік кешені құрылысының екінші кезеңі – «Гольф-клуб», «Town Center» сауда орталығы және «Фламинго курорты» демалыс базасы бар Ал келер жылы алты жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Атап айтар болсақ – виллалар мен пәтерлер кешені құрылысының екінші кезеңі, «Aqualina Resort» курорттық-қонақ үй кешенінің құрылысы, «Достар» қонақ үй кешенінің кеңейту, «Нұр» сауықтыру кешені, «Seaside Palace» демалыс аймағы және Ақтау қаласындағы қонақ үй кешені.

Келер жылы бес жобаны іске асыру жоспарланды. Олар:

1. Ақтау қаласының «жылы жағажай» ауданында сауықтыру кешенін салу және пайдалану;
2. «Caspran house» қонақ үй кешенінің құрылысы;
3. «Relax» заманауи туристік кешенінің құрылысы;
4. «NOMAD Aqtau» ЖШС қонақ үй кешенінің құрылысы;
5. «Tethys Resort» демалыс базасының жобасы.

Ал 2025 жылы бір жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл – Ақтау қаласындағы аквапарк бар қонақ үй кешені.

Маңғыстау облыстық туризм басқармасының мәліметіне сүйенсек, туризм саласындағы жобаларды іске асыру өңірге қосымша инвестициялық қаржы тартуға, туристердің жана ағынын арттыруға мүмкіндік береді, жаңа жұмыс орындары құрылуын, салық аударымдарының түсуін қамтамасыз етеді, туризм саласын ғана емес, экономиканың басқа да секторларын дамытуға серпін береді. Соңғы бірнеше жылда аймақта туризм саласы серпінмен дамыды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің алғашқы тапсырмаларының бірінде «туризм индустриясының салмақты мультипликативтік динамикасын ескере отырып, біз кәсіпкерлерді Қазақстанның барлық рекреациялық аумақтарында қонақүйлер мен тамақтану пункттерін салуға барынша тартуымыз қажет» деп атап өтті.



МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



Маңғыстауда Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында бірқатар ірі жобалар іске асырыла бастады.

Былтыр «жылы жағажай» ауданының инженерлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстардың бірінші кезеңі аяқталды. Құрылыстың жалпы сомасы 17 млрд теңгені құрады, 31 шақырым жол, 10,5 шақырым электр, 58 шақырым газ және 56 шақырым су құбыры желілері салынды. 2020 жылдың шілдесінде «Rixos Water World Aqtau» көпфункционалды туристік-қонақ үй кешенінің жобасының бірінші кезеңі іске қосылды. Сол жылы «Лагуна» аквапарк іске қосылды. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы аясында ҚР Үкіметінің қолдауымен курорттық аймақты дамытудың инженерлік-көліктік инфрақұрылымының екінші кезеңін дамыту бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Инфрақұрылымды одан әрі дамыту нәтижесінде жергілікті кәсіпкерлерде жана туристік бастамаларды іске асыру үшін үлкен мүмкіндіктер пайда болды. Маңғыстау облысының туристік нысандарына апаратын бағыттағы бірқатар сервистік-қызмет көрсету нүктелерде 12 санитарлық-гигиеналық торап орнатылды. Сонымен қатар, бірегей бренд-бук логотипі әзірленді, «visitmangystau.kz» сайты іске қосылды, қалаішілік автобустар мен аялдамалар бір стильде безендірілді. Маңғыстау облысы мен Ақтау қаласының туристеріне арналған жолсілтеме, карта қалыптастырылды. 2021 жылы «жылы жағажай» аумағында Қазақстандағы алғашқы біріккен тақырыптық саябақ пен «Tetyshblu» аквапаркнің ашылу салтанаты өтті. Осылайша инвестициялық жобаның бірінші кезеңі іске асырылды. Ақтаудан 20 шақырым жерде орналасқан саябақтың Орталық Азияда баламасы жоқ. Мұнда blupower, Watermania, Snorgi аттрак-

циондары және тағы 30-дан астам ерекше аттракциондар мен аквапарк бар. Маңғыстау облысының Каспий теңізінің жағалауында қазір 4 балалар сауықтыру лагері, 14 демалыс базасы және 7 жеке жағажай аймағы орналасқан.

Туристік өнім құрылымындағы маңызды бағыт экологиялық туризмді, киелі орындарды, мәдени туризмді дамыту аймақ үшін ерекше маңызға ие. Маңғыстауды ашық аспан астындағы мұражай, тағы 362 әулие өлкесі деп бекер айтпаған. Олардың ішінде Бекет ата, Шопан-ата, Сұлтан-үмі, Шақпақ-ата, Масат-ата сияқты бірегей жерасты мешіттері бар, онда мыңдаған қажылар ағылады. Шатқалдар мен шатқалдардың таңғажайып ғарыштық пейзаждары бүкіл әлем бойынша саяхатшыларды тартады. Түбекте барлығы 11 мың тарихи-мәдени ескерткіш бар.

Туристік өнімдерді қалыптастырумен және ішкі туризммен айналысатын өңірдің тuroператорлары 161 туристік маршруттар мен соқпақтар әзірледі. Бүгінгі таңда облыс аумағында 120-дан астам турфирма жұмыс істейді, олардың 21-і тuroператорлар, қалғандары-турагенттер, яғни авиа және теміржол билеттерін сағумен айналысады. Ресми деректер бойынша, Маңғыстау облысы бойынша бір шетелдік туристің шығыны орта есеппен 111 мың теңгені құрады.

Айта кетер дүние, Ұлттық статистика бюросының ресми деректері бойынша 2019 жылдан бастап 2022 жылдың маусымына дейін өңірлердегі туристерді орналастыру орындарында көрсетілген қызметтердің көлемі (қонақ үйлер, хостелдер, пәтерлер, демалыс базалары және т. б.) 20 млрд теңгеден астам соманы құрады.

Биыл бірнеше туристік нысандар іске қосылды. Шілде айында teniz Village глэмпингі басталды. Жобалық қуаты 2 және 4 адамдық жатын орны бар 10 бөлме жасакталған, кафе мен атоқөліктерге арналған тұрағы бар. Нысан Түпқараған ауданы Сығынды аумағында орналасқан. Тамыз айында Түпқараған ауданында орналасқан «AURA» демалыс базасы ресми түрде ашылды. Жобаның қуаттылығы яғни, күніне 150-200 адамға қызмет көрсету мүмкіндігі бар 40 бөлме, 200 автокөлікке арналған көлік тұрағы бар. Сонымен қатар, тамыз айында Түпқараған ауданында «Сартас» визит орталығы да іске қосылды. Күніне жүзге жуық туристі қабылдай алатын нысан «Жығылған», «Саура», «Тамшалы» секілді ең әдемі туристік бағыттардың қиылысында орналасқан.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің болжамына қарағанда 2022–2032 жылдары туризм және саяхат индустриясы жылына орта есеппен 5,8% өседі. Сондай-ақ, әлемдік экономикада туризм есебінен 126 млн қосымша жұмыс орындары құрылады. Бұл мәселе Алматыда өткен V халықаралық қонақ үй форумында да талқыланды.

СУБСИДИЯ САЯХАТШЫЛАР ҚАРЖЫСЫН ҮНЕМДЕУГЕ СЕП

– Грузияда сіздер саяхат кезінде тек үлкен қалаларды ғана көре аласыздар. Өйткені, басқа бағыттарды біз қамти алмаймыз. Мүмкіндігіміз шектеулі. Сіздерде туризм саласына қатысты барлық бағытты дамытуға мүмкіндік бар. Сондықтан бұл саланы дамыту үшін әртүрлі бағыттардағы даму стратегиясын жасаудың маңызы зор. Ол шетелдік туристерді өздеріңізге көбірек тартуға жол ашады, – дейді Грузияның Тбилиси қаласынан келген Қонақ үй менеджменті институты (НМИ) бас директорының орынбасары Ана Абрамшвили.

Ассор отельдер желісінің ТМД елдеріндегі операциялық директоры Алексис Делароффтың айтуынша, өзге елдермен салыстырғанда Қазақстанның халқы тығыз орналаспаған. Сондықтан ол өз саясатын барынша халықаралық туризмге бағыттағаны дұрыс шығар. Әрине ішкі туристерді де ұмытпау керек. Өсіресе, үлкен қалалардың маңында отбасылық демалысты ұйымдастыру бағытына көп көңіл бөлу қажет. «Қазір әлемде Түрікменстан мен Солтүстік Кореядан басқа елдердің бәрінде қонақ үйлер жеке меншікте. Сондықтан инвестиция салу үшін ол табыс табу керек. Инвесторлар өзіне тартымды болған кезде ғана қаржы салады. Біздің бүгінгі күнде Алматы, Астана, Шымкент, Түрікменстан, Ақтау, Бұрабай және Ақтауда 12 қонақ үйіміз бар. Енді инвесторлармен жүзеге асыратын Алматыда тағы бірнеше жобаны жоспарлап отырмыз. Осы аптада Семейде мүдделі компаниялардың кеңесшілерімен кездесетін болам, – деген франциялық сарапшы қонақ үй бизнесінің туризм саласындағы роліне айрықша тоқталып өтті.

Өзбекстанан келген «Silk Road Samarkand» халықаралық туризм орталығының бас директоры Артем Егикянның сөзіне қарағанда 2019 жылы Самарқанға 600 мың саяхатшы келген. Алайда, онда туристерге арналған лайықты қонақ үй болмағандықтан олар мұнда Ташкент арқылы келіп, түнеу үшін қайтадан сонда қайта қайтып кеткен. Жалпы, қонақ үйге саяхатшылар тек түнеп шығу үшін ғана келмейді. Егер ондағы қызметтің түрі мен көлемін ұлғайтатын болса, саяхатшыларға ұсынылатын бағдарламалар арқылы олардың демалысын 1 емес, бірнеше күнге дейін соғарлауға мүмкіндік бар. Сондықтан олар қазір алдағы 2 жылда өздеріне саяхаттап келетін туристер санын 1,5 млн адамға дейін жеткізуге көңіл аударуда.

Украинамен арадағы жағдайға байланысты соңғы кезде өз елінен үдере кешкен ресейліктер Қазақстан қонақ үйлеріндегі бағаның күрт қымбаттауына түрткі болды. Ондағы сұранысқа байланысты бағаның күрт қымбаттауы жұртшылықтың алаңдауын тудырып отырғаны форумда назардан тыс қалмады.

Visit Almaty Алматы қаласының туристік ақпарат орталығы директорының орынбасары Бауыржан Пазылхайырдың айтуынша, Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда алғашқы жартыжылдықта жергілікті жерлердегі қонақүйлердің толуы 38,4 пайыз болатын. Ал маусымның аяғында ол 80 пайызды құрап, тамыздан бері 90 пайызға жетті. Егер алғашқы жартыжылдықта қонақүйлер өз тұтынушыларына түрлі жеңілдік жасаса, қазір оның ешқайсысы жоқ. Тіпті, ешкімге корпора-

тивтік ұжымдық жеңілдік те жасалмайды. Бұл бәсекелестік орта болғандықтан ондағы бағаны ешкім бақылай алмайды. Сұраныс бар жерде бағалық саяхат жұмыс істейді. Ал «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жүйелік шараларды жүзеге асыру департаментінің директоры Тимур Қожубековтың айтуынша, Қазақстанда қазіргі таңда ішкі туризм трендтен түскен жоқ. Шетелдік туристер бойынша пандемияға дейінгі деңгейге әлі жетпеді. Мәселен, 2019 жылы Қазақстанның көрікті жерлерін көруге 1 млн шетелдік саяхатшы келсе, биылғы алғашқы жартыжылдықта олар 300 мың адамды құрады. Бұл сан жыл соңына қарай 700 мың болады деп жоспарлануда. Биыл алғашқы жартыжылдықта қонақ үйлердегі туристерге көрсетілген қызмет көлемі 68 млрд теңгені құрады. Оны пандемияға дейінгі көрсеткішпен салыстыратын болсақ 2019 жылдың 6 айында бұл көрсеткіш 51 млрд теңге шамасында болған еді. Жалпы мейманханалардағы туристерге көрсетілген қызметке – тамағы, жатын орны, СПА және тағы басқалар кіреді.

Қонақ үйлердегі нөмірлік қорды 2025 жылға дейін 250 мыңға көбейту үшін жекеменшік инвесторларды тартып жатырмыз. Жана нысандарды ашу үшін инвесторларға мемлекет 10 пайызға дейін жеңілдік беріп отыр. Сондай-ақ, 200 мың АЕК көлемінде инвестиция кіргізетін болса (600 мың теңге) келісімшарт жасалғаннан кейін, мемлекет инвестициялық преференциялармен кездесетін болар, – деген франциялық сарапшы қонақ үй бизнесінің туризм саласындағы роліне айрықша тоқталып өтті.

Форумда 2001 жылғы «Қазақстандағы туристік қызмет туралы» заңға алдағы уақытта жаңа өзгерістер енуі мүмкін екені де айтылды. Ол бұған дейін 23 күркілейтегі Премьер-Министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сөз болған еді. Т. Қожубековтың сөзіне қарағанда, туризм саласындағы баға саясатын тұрақтандыруда мемлекет қандай шара қолдана алады деген кезде ең алдымен ішкі туризмге берілетін субсидияны айтуға болады. Бұл жерде түрлі бағдарламалар бар. Сол арқылы таңдау жасалып, әрбір отбасылық демалыстың 30 пайызын мемлекет өз мойнына алады. Мысалы, биыл отбасылық демалыс аясында 600 отбасының 1900 баласы ел ішінде ұшақпен тегін ұшты. Яғни, толық субсидия балалардың авиабилеттерін ішкі нарықта қамтамасыз етті.

«Енді келесі шара жасалып жатыр. Ол туристік кәсіпкер деп аталады. Ішкі туристерге арналған бұл шара аясында олардың демалысының 10-20 пайызы қамтамасыз етіледі. Оны жүзеге асыру үшін заңға өзгеріс керек. Оның арнайы құзыретті органы, басқарушысы болу керек. Кім төлейді, кім субсидия береді деген сияқты. Егер депутаттар мен үкімет тарапынан қолдау болып жатса онда біз бұл шараны да енгізе аламыз», – деген «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жүйелік шараларды жүзеге асыру департаментінің директоры бұл заңның қашан үкімет пен Парламент Мәжілісі қарауына ұсынылатынын айта алмады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕК СҰРАЙТЫҢДАР КӨП

Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығының сенім телефонына он айда 4 мыңнан астам тұрғын хабарласып, психологиялық түйткілін айтып, кеңес сұраған. Орталық директоры Сапар Рахменшевтің айтуынша, ойынқұмарлар, онлайн несие алып қарызға батқандар да шерін тарқатып, телефондарға дамыл бермейтін болған.

Биыл әлеуметтік мәселелерін айтып, 500-ден астам адам қоңырау шалыпты. Олар құмар ойындарға құнығып, ақшасынан айырылғандар, достарына, кредиторларға онлайн несие беретін ұйымдарға қарызы қордаланып, отбасындағы кикілжіңнен қажып, қаржылық мәселесін шешудің жолдарын сұраған.

Екінші орында денсаулығына шипа іздеген 384 кісі медициналық мекемелер, емханалар, порталды рәсімдеу бойынша сұрақтар қойған. Бұдан кейін тізімде мазасыз күйге шырмалып, дегбірін қашырып, түнде ұйқысынан айырылған 350 тұрғын психологиялық кеңес алған. Көп жағдайда жалғыздық, жұмыстан айырылу, сөйлесетін, сырласатын адамы жоқ жандар жұрт ұйқыда жатқанда хабарласып, шерін тарқатады екен.

– Түрлі компьютерлік ойындарға тапқан-таянғанын тігіп опық жегендердің көбеюі қазіргі заманның өзекті мәселесі. Олар өзінің ісіне, әрекетіне есеп бере алмайды. «Бүгін жолым болады, ұтыс аламын» – деген үмітпен ойын клубтарына қалай барып, қалтасын қалай қағып шыққанын өзі білмейді. Көмек сұраған азаматтар біздің орталыққа келуге ұялады. Соған қарамастан жеке сөйлесіп, әр адам жайлы ақпаратты құпия сақтап, біз оларға жан-жақты кеңес береміз. Ал онлайн несие алуға құмар адамдардың мәселесі көз жұмғау болмайды. Бұл несилердің жарнамасы мықты. Әрі талап қатал емес.

Бір нүктені басып ақша алып, соған өзінің қалай тәуелді болып қалғанын кейбіреулер байқамайды. Мұның бір ғана жолы психологтарға келіп, осы құмарлықтан, тәуелділіктен арылуға әрекет ету, – дейді орталықтың директоры Сапар Рахменшев.

Орталықтың сенім телефондарына еліміздің түкпір-түкпірінен күн сайын 30-ға жуық тұрғын хабарласады. Мұның айтып, тығырықтан шығатын жол іздеген жандарға төрт клиникалық психолог тәулігі бойы кеңес береді. Сәуле Ибашеваның айтуынша, құмар ойындардың құрығына жіпсіз байланған жігіттердің басым бөлігі бойдақ, жасы 25-35 жастағы еңбек етуге қабілетті, тепсе темір үзетін жігіттер.

– Олар көбінесе түнде қоңырау шалады. Түрікстан, Ақтау, Атырау және Көкшетаудан жиі хабарласады. Шағын аудан, кішкентай ауылда тұрады. Көршілері, ауылдастары ойынқұмар екенін біліп қоймасын деп көпшіліктен жасырып жүргенін айтады. Оларда болашаққа деген сенімсіздік басым, күйзелістен шаршаған. Өкінішке қарай, бізге хабарласқан тұрғындардың көбісі ауырталықты жалғыз көтеріп жүрген адамдар. Оларға біз қандай маманға бару керектігін айтып, жол көрсетеміз, – дейді Сәуле Ибашева.

Биыл сенім телефонына өз-өзіме қол жұмсаймын деп екі жүзден астам адам қоңырау шалған. Психологтар олардың бірнешеуін райынан қайтарған. Бұдан өзге есірткі заттарын, алкоголь тұтынып, үйдің берекесін қашырып қалалықтар да жиі хабарласады екен. Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығында сенім телефондары 2015 жылы іске қосылған. Ақтау, Қарағанды, Көкшетау, Тараз, Астана, Атырау, Қызылорда және Түрікстан облысы тұрғындарына да қызмет көрсетеді.

Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығының баспасөз қызметі

МЕДИАЦИЯ

ҮЙЛЕСІМ мен
ТЫНЫШТЫҚ
БАСТАУЫ

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам» деп аталатын жолдауында еліміздің басты құндылығы – адам екеніне ерекше торқалды. «Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» – деді.

Елімізде адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу және қоғамда адамдар арасындағы түсіністік пен үйлесімділікті дамыту үшін оны құқықтық нормалар арқылы реттеу басты назарға алынған.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген «ҚР Құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің мемлекеттің құқықтық саясаты саласындағы тиісті құжаттары, ҚР Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының перспективалық және жыл сайынғы жоспарларын, ҚР нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге негіз болды.

Тарихқа жүгінетін болсақ, тараптарды татуластыру шарасы құқық саласында ежелден бері қолданылып келеді, мұндай шаралар Вавилонда сауда жасау кезінде жүргізіліп отырған. Юстиниан кодексінде делдалдардың көмегіне жүгінуге рәсімдерін қарастырған.

Медиацияның заманауи түрінің дамуы ХХ ғасырдың екінші жартысында англо-саксондық құқық қолданылатын АҚШ, Австралия, Ұлыбритания, содан соң Еуропа мемлекеттерінде жүргізіле бастаған. Біздің халқымыз үшін ерекше татуластыру маңызы зор болған. Қазақ билері қандай болмасын дау бойынша шешім қабылдағанда «Дау мұраты – бітім» деген қағиданы басшылыққа алған, бұл медиацияның элементтері еліміздің құқық тарихында ерекше орын алғанын айқындайды.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу үшін Жоғарғы Соттың бастамасымен «Сот жүйесін жаңғырту» бағдарламасы әзірленіп, оны жүзеге асырау үшін алғышарттар және мақсат пен міндеттер белгіленді. Сот жүйесінің «7 түйіні» анықталып, оларды шешудің жолдары айқындалды.

«Медиация туралы» заң да осы игілікті шаралардың кезекті жемісі. Осы Заңның талаптарына сәйкес кәсіби немесе қоғамдық негізде медиация жүргізу үшін тараптарды тартатын тәуелсіз жеке тұлға медиатор деп аталады.

Тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі – медиация деп аталса, ал тараптардың медиация басталғанға дейін дауды (дау-шарды) шешу мақсатында медиатормен жасасатын жазбаша келісім – медиация туралы шарт болып табылады.

Медиация рәсіміне қатысатын жеке және заңды тұлғалар немесе топтар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар медиация тараптары ретінде әрекет етеді.

Медиатор бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиатордың бейтараптылығына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде ол медиацияны жүргізуден бас тартуға тиіс.

Медиацияны жүргізу кезінде медиатордың қызметіне Қазақстанның заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, араласуға жол берілмейді.

Медиацияға қатысушылардың өздеріне медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы емес.

Қазақстан заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда, медиатордан медиация барысында белгілі болған мәліметтер туралы куәгер ретінде жауап алуға болмайды.



Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы

Медиацияға қатысушының өзіне медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының рұқсатынсыз жария етуі ҚР заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Медиатор қандай да бір тарапқа заңдық, консультациялық немесе өзге де көмек көрсетуге құқылы емес. Кәсіпкер немесе қоғамдық медиатор болудың тәртібі де заңда реттелген.

Медиация сот қарауында жатқан, жеке және заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын дауларды (жанжалдарды) реттеу кезінде медиация туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей аяқталуы керек. Қажет болған жағдайда медиацияны жүргізу мерзімін тараптар кейіннен сотқа бірлескен жазбаша хабарлама жібере отырып, күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартуы мүмкін, бірақ ол жиынтығында күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

Азаматтық немесе әкімшілік процесс шеңберінде, сондай-ақ, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша медиация іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс. Дау-шарды реттеу туралы келісімге қол қойған бас тарту медиация тарапы болып табылатын сот ісін жүргізуге қатысушының жағдайын нашарлата алмайды.

Некені жалғастыруға, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға, балалардың тұрғылықты жерін бел-

гілеуге, ата-аналарының балаларды бағып-күтуге салымына қатысты ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер, сондай-ақ отбасылық қатынастардан туындайтын басқа да келіспеушіліктер медиация арқылы шешілуі мүмкін.

Медиацияны жүргізген кезде медиатор баланың заңды құқықтарын ескеруге тиіс. Егер медиация барысында баланың қалыпты өсуіне және дамуына қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін немесе оның денсаулығы мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін фактілер анықталса, медиатор баланың құқықтарын қорғау жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын органға жүгінуге міндетті.

Азаматтық немесе әкімшілік процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім дереу іс жүргізуінде іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісімді сот Азаматтық процесстік кодексте және ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленген тәртіппен бекітеді.

Бұл ретте төленген мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексте (Салық кодексі) көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылуда тиіс.

Қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген, дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім жабірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды жабірленушімен татуластыру арқылы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімді білдіреді.

Қылмыстық процесс барысында немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша медиация тараптарды татуластыру арқылы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімді білдіреді.

Мүлікті бөлу немесе мүлікті кепілге қою туралы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім ҚР заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін негіз болып табылады.

Дау-шарды реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні күшіне енеді. Келісімді орындаудан жалтарған жағдайда мүдделі тарап келісім бойынша міндеттемені оңайлатылған жазбаша іс жүргізу тәртібімен орындау туралы арызбен сотқа жүгінеді. Әкімшілік сот ісін жүргізуде дауларды (жанжалдарды) қарау кезінде жауапкердің әкімшілік қалауы кезінде ғана медиация жасалады, мұндай мүмкіндік ҚР заңдарында тыйым салынбаған немесе тиісті жария-құқықтық қатынастың мәніне қайшы келмейтін жағдайларда жол беріледі.

Дауласқан тараптар арасындағы түсіністік пен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін медиацияның маңызы ерекше. Мұны әркімнің білгені жөн.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

Неке және отбасы институты дені сау қоғамның негізгі тірегі. Неке және отбасы репродуктивтік, тәрбиелік, шаруашылық-тұрмыстық және экономикалық функцияларын атқарады. Алайда бүгінгі таңда аталған функциялар іске асырылмайды. Неке өмір бойы әрекет ететін ұзақ мерзімді міндеттеме болып саналмайды.

ТАРАПТАРДЫҢ ТАТУЛАСУЫ
ЕҢ ТИІМДІ ШЕШІМ

Некенің маңыздылығына қарамастан адамдардың көпшілігі өздерінің міндеттерін атқара алмай, некелерін бұзады. Егер тараптар талқылау немесе келіссөздер өткізу арқылы дауды шеше алмаса, отбасылық дау бойынша талап арызды сотқа тапсыру олар үшін оңтайлы жол бола ма? Неке-отбасы дауларын шешуде балама (оның ішінде татуластыру) әдістерінің тиімділігі қандай?

Сот процесі қанағаттанарлық нәтижеге үнемі жеткізбейді. Оны өткізуге көп ақша және уақыт жұмсалады. Сот талқылауының жарыспалы сипаты тараптардың ойлау бағытын және түпкілікті мақсатын өзгертпейді. Дауларды балама тәсілдермен шешудің маңыздылығы келесіде: татуластыру рәсімдер шығын және уақыт жағынан тиімді, тараптар арасындағы қатынастар және серіктестік сақталады.

Татуластыру рәсімдері – бұл дауларды балама тәсілдермен шешу түрі. ҚР

Азаматтық процесстік кодексіне сәйкес татуластыру рәсімдеріне қатысатын тараптар медиативтік келісімін, татуласу келісімін және партисипативтік келісімін жасасу, сондай-ақ, басқа тәсілдер қолдану арқылы дауды шеше алады. Үшінші тұлғалар делдалдар болып тараптарға құқықтық, психологиялық және басқа көмегін көрсетеді. Ал партисипативтік рәсім тәртібімен дауды шешуде делдал болып қорғаушы қатысады. Дауларды балама тәсілдермен шешудің маңыздылығы ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 171-тарауында көрсетілді.

Татуласу келісімі жөніндегі ұғымы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 175, 178-баптарында көрсетіледі. Ерлі-зайыптылар арасындағы ортақ мүлігін бөлу даулары татуласу келісімін жасасу арқылы титімді шешіледі. Сот осы мәселені шешуге ерекше назар аударады. Сот талқылауына дайындығын өткізу кезінде

татуластыру рәсімдері өзіндік міндетке ие болады. Сотта бөлек тұратын ата-аналар көмелетке толмаған балалардың тұрғылықты жерін анықтау дауларын, алимент өндіру жөніндегі дауларын медиативтік келісімдерін жасасу арқылы шешеді. Қамқоршылық және қорғаншылық органы қатысатын сот талқылауы күрделі болғандықтан тараптар дауларын келісімге келу арқылы шешеді. Алайда,

сонда да келісімге келу рәсінде тараптардың дауы, мақсаты емес судьяның ішкі түйсігі маңызды болады.

Медиативтік келісім жөніндегі ұғымы ҚР Азаматтық процесстік кодексінің 179, 180-баптарында көрсетіледі. Отбасы ішіндегі даулар отбасы мүшелеріне жеке-жеке әсерін тигізеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында тіркелетін некелерге қарағанда неке бұзу жағдайлары көбірек болады.

Некелік-отбасылық дауларда ерлі-зайыптылар, олардың балалары, ата-аналар, туыскандар және қамқоршылар субъектілер болады. Мұра, ортақ мүлікті бөлу және баланың тұрғылықты жерін анықтау сияқты даулардың көпшілігі отбасы ішінде шешілмейді. Нәтижесінде дауларды шешу жөніндегі талап арыздар сотқа түседі. Тараптар арасындағы әділдікке, шындыққа сот арқылы жетуі отбасы ішіндегі қатынастарын бұзады. Алайда психикалық ауытқулар, тәуелділіктер бар отбасы дауларын үнемі медиация арқылы шешу мүмкін емес.

Отбасы даулардағы татуластыру рәсімдері дауды соттың қатысуынсыз шешу және жанжалдың себебін анықтаудың тәсілі болып табылады. Татуласу отбасы дауларын шешудің рәсімін түрлендіреді және жеңілдетеді, тараптарға келісімге келу, отбасын сақтау мүмкіндігін береді.

Тараптар өз келісіміне келуді және сот олардың келісімін бекітеді. Осы процессте бейтарап үшінші тұлға (партисипативтік рәсім тәртібімен шешілетін даулардан басқа) дауласатын тұлғалардың келісімге келуіне септігін тигізеді.

М.БАТТАЛОВ,
Шахтинск қалалық сотының
сұлыясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ШАРА

БАЛАЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫН
АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Құқықтық сауатты жетілдіру қашанда өзекті. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық нигилизмнің алдын алу бойынша ақпараттық, насихат жұмыстары бір сөт те тоқтамауы керек. Оның әліппесін білім ошақтары бастап үйретудің оң нәтиже берері анық. Соған орай Көкқайнар орта мектебінде «Өз құқығыңды біл!» деген тақырыппен арнайы апталық өткізілді.

Бұл шарада әрбір сынып оқушысына ең алдымен еліміздің бас құжаты – Конституцияның тарихына хабар беріп, негізгі басымдықтарын түсіндіруге күш салдық. Себебі, Ата Заң – тірегіміз! Мемлекеттің бағдар етер, жалау етер Конституциясының негізгі баптарын әрбір бала жастайынан біліп өсуі керек. Балаларды ынталандыру мақсатында апталық аясында «Сен Конституцияны білесің бе?» деген сауалнама ұйымдастырдық. Онда Ата Заңымыздың ерекшелігін, өзіндік тарихын бейнелейтін сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген оқушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді.

Сонымен бірге, жоғары сынып оқушыларының қатысуымен еңбек құқығына байланысты шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Дәріс барысында жазғы демалыс кезінде ата-аналарына көмектесіп, еңбек етіп, қосымша табыс тауып жүрген жасөспірімдерге құқықтық кеңес берілді. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан, олардың қауіпсіздігін қорғау, денсаулығын сақтау, арманына жетуіне атсалысу ісінен мұғалімдер шешет қалмайды.

Апталық барысында болашағын құқық қорғау, заңгерлік мамандықтармен байланыстырған шәкірттермен де арнайы жиын өтті. Оған «Заң» журналының бас редакторы Түймегүл Смағұлқызы қатысты. Заң, құқық саласында қалам тербеп жүрген тәжірибелі журналист заңгер болудың жауаптылығы мен маңызы туралы келелі әңгіме қозғап, сот, прокуратура,



адвокатура саласында еңбек етіп, ел алғысына бөленген тұлғалар туралы мол мағлұмат берді. Жиын сонында оқушылар журналистке сауалдар қойып, өздерін қызықтырған мәселелер бойынша құнды деректер алды.

Қызықты өткен апталық соңы оқушылар арасындағы викториналық сайысқа ұласты. Мұнда балалар еліміздің негізгі заңдары бойынша дайындалған сауалдарға жауап беріп, құқықтық қиындық туындауда қандай қадамдар жасауы керектігін көпшілік алдында айтып берді.

Оқушылар заңдарды өз бетінше оқыса есінде толық қалмауы мүмкін. Ал апталық барысында сауалнама, викториналық жарыс, ситуациялық жағдай бойынша көрсетілген құқықтық сабақтардың оқушы есінде ұзақ сақталары күмәнсіз. Біздің де мақсатымыз осы!

Анар МӘЛІКҚЫЗЫ,
Жамбыл ауданы
Көкқайнар орта мектебі
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл жолғы жолдаудың жаңа Қазақстанды құрудағы маңызы ерекше болды десем, артық айтқандығым емес. «Бесінші бағдар. Заң және тәртіп» деген тарау заң үстемдігін нығайтуға толық арналған. Онда сот жүйесін одан әрі дамыту бағыттары нақты атап көрсетілген.

Қазіргі уақытта елімізде сот реформасы қарқынды жүріп жатыр. Президенттің бастамасымен Жоғарғы Сот тарапынан атқарылып жатқан іргелі істер, жаңа қабылданған заңдар көпшіліктің оң пікіріне не болуда. Оған біздің, яғни Жоғарғы Соттың, отставкадағы судьяларының да қосқан үлесі аз емес.

– Өзіңіз осы ұйымның белсенді мүшесісіз. Жұмыстарыңызға тоқталып өтсеңіз?

– Бүгінгі күні «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің мүшелері сот реформасын үнемі бақылап, өзіміз қызмет еткен саланың бүгінгі мен болашағына алаңдап отырамыз. Соған байланысты Мәжілісте өтетін талқылауларға қатысушы Гүлнәр Оразқызына нақты ұсынымдар жолдадық. Осының алдында «Заң газетінде» аталған тақырыпқа байланысты бірнеше мақала жарияланды. Солардың көпшілігін аталған қоғамдық бірлестіктің төрағасы Өмірсерік Қожабаев ұсынды. Соның ішінде менің де екі-үш мақалам жарық көрді.

Біздің ұйымға кейде азаматтардан арыз-өтініштер түсіп жатады. Оларға жауап беріп, заң тұрғысынан түсіндірмелер береміз. Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың төрағасы Жакып Асановқа жолдаған маңызды ұсынымдарымыз қолдау тауып, жұмыс топтарында жаңа заңнама әзірленгенде ескеріледі.

Бір сөзбен айтқанда, отандық сот жүйесінің беделін арттыруға заңдық тұрғыдан қолдан келген көмегімізді аянып жатқан жоқпыз. Ұзақ жылғы өмірлік тәжірибемізді жас заңгерлермен бөлісеміз. Сот жүйесіндегі келелі істер, жаңашылдықтар, қабылданған заңдар туралы БАҚ арқылы қоғамды, судьяларды хабардар етіп отырамыз.

– Судья қызметіне кімдер лайықты? Заңгер мамандарды судьялыққа ұсынған қаншалықты дұрыс?

– Жалпы, сот жүйесін, қызметтегі судьялардың бәрін жөн-жосықсыз сынап-міней берген дұрыс емес. Себебі, кез келген судья болсын, сот қызметкері болсын, әділеттілікті, заңдылықты назарда ұстап, әділ және заңды шешімдерді қабылдауды қамтамасыз етуге бар күшін салады, білім-тәжірибесін жұмсайды. Қызметімізді дұрыс жолға қою үшін бізде білікті және білімді судьялар жеткілікті.

Сұрағына келсек, судьялыққа Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясынан білім алып шыққан азаматтар немесе судьяның консультанттарын, соттарда хатшылық қызметін атқарғандарды қабылдаған жөн деп ойлаймын. Қазіргі кезде бұған қатты көңіл бөлініп отыр. Ал тек қана жоғары білімді заңгер мамандарды судьялыққа қабылдауда бір ескеретін жайт ондай маманға сот билігін шығару бастапқыда қиынға соғуы мүмкін. Олай болған жағдайда, шағымданушының реніші туындайды. Сондықтан заңгерлерді судьялық қызметке алар алдында оларды Сот төрелігі академиясынан дайындықтан өткізсе, дұрыс болмақ.

Судья боламын деген азамат өте адал, принциптіне қатал, іс бойынша анықталатын іс-әрекеттерді терең түсініп, оларды заң талаптарына сай бағалай білуі тиіс. Сот мәжілісінде керекті сұрақтарды айқындау сот тәжірибесіне байланысты екендігі белгілі. Судья сот мәжілісін тікелей өзі өткізгенде ғана тәжірибе жинай алады. Ал әрбір іс бойынша тәжірибелі судьялар немесе сот төрағасы ешқандай да кеңес бере алмайды әрі оған заңмен тыйым салынған.

Судьялыққа барам деген жанның, ең әуелі, адамға деген мейірімі болуы керек деп ойламын. Президент жолдауында «Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет» деп атап өткендей, қызметтерін адал, әділетті және кәсіби деңгейде атқарған судьялар ғана көпшіліктің сеніміне не бола алады.

– Судья әділ шешім шығару үшін қандай қағидаттарға сүйенеді?

– Судья әділеттік принциптерін орындау үшін тек қана заң талаптарын қатаң сақтауы қажет, іс бойынша келтірілген дәлелдерді терең зерттеп, дұрыс баға бергені жөн. Ол тек тәжірибеге байланысты. Сондықтан әділеттілікті қамтамасыз ету күн тәртібінің өзекті мәселесі деп айта аламыз. Ескере кету керек, әділеттілік пен шындық – екеуі де заңдылыққа әкелетін тіке жол. Оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды.

Мемлекетімізді өркендету, заң талаптарын қатаң сақтау, әділеттілікті қалыптастыру үшін әрбір заңды тұлға, жоғары лауазымды азамат, мемлекеттік қызметкер шындықтың, әділеттіліктің үлгісі болуы тиіс.

Мысалы, жергілікті әкімдер азаматтарға баспана салып алуға жер бөлуге ауызша рұқсат береді де, кейін бастапқы сөзінен тайқып шыға келеді. Немесе азаматтардың үй салып жатқанын күнде көріп жүрсе де, оған мән бермейді. Кейін «ол адамдар үй салу үшін жерді заңдастырып алмады» деп сотқа арызданып, көптеген азаматтарды жанұяларымен үйлерінен шығарып, үйлерді бұзу туралы соттан шешім шығаруды талап етеді. Сот болса, «жер заңдастырылмағандықтан, үйлерді азаматтар өз еріктерімен салғандықтан, әкімнің талап арызы орындалуға жатады» деген шешімге келеді. Бұл, бір қарағанда, заң талаптарына сай келеді, алайда, оның екінші қыры да бар. Ол жерде бір емес, көп үй салынып қояды және онда адамдар жанұяларымен бірнеше жыл өмір сүріп жатады. Сол себепті оның арты үлкен дауға әкеліп соғады. Мұндай келенсіздіктер әкімдік тарапынан

Бағдат АХМЕТОВ,

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» қоғамдық бірлестігінің мүшесі;

«ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ШЫНДЫҚ – ЗАҢДЫЛЫҚҚА ӘКЕЛЕТІН ТІКЕ ЖОЛ»

кеткен заң бұзушылық салдарынан болса да, жеме-жемге келгенде, заңды шешім шығарған судья не сот органын сырттай сынап жатады. Оған кім кінәлі десеніз, әрине, ондай жағдай әкімдердің салғырттығынан болған мәселе деп айта аламыз. Жерді беру, оны бақылауда ұстау – әкімдердің құзырындағы іс. Әкімдер үйлер салынып жатқанын көре тұра, алдын ала ешқандай әрекет жасамайды. Сондықтан олардың жауапкершілігін барынша қатайту керек.

– Азаматтарды зуре-сарсаңға салып қоятын осындай заңсыз-

... Судьялыққа Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясынан білім алып шыққан азаматтар немесе судьяның консультанттарын, соттарда хатшылық қызметін атқарғандарды қабылдаған жөн деп ойлаймын. Қазіргі кезде бұған қатты көңіл бөлініп отыр. Ал тек қана жоғары білімді заңгер мамандарды судьялыққа қабылдауда бір ескеретін жайт ондай маманға сот билігін шығару бастапқыда қиынға соғуы мүмкін. Олай болған жағдайда шағымданушының реніші туындайды. Сондықтан заңгерлерді судьялық қызметке алар алдында оларды Сот төрелігі академиясынан дайындықтан өткізсе, дұрыс болмақ.

дыққа жол бермеу үшін не істеу керек?

– Лауазымды қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту қажет. Әділеттілікті орнату үшін күнделікті бақылау болуы шарт. Ол үшін, ең алдымен, жоғарғы бақылаушы органның лауазымды қызметкері адал, елінің, халқы-

ның болашағын ойлайтын азаматтар болуы тиіс. Адалдық принциптерін жаңадан бастап, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орнында, қызмет істейтін жерінде қатаң сақтағандары дұрыс. Бұған қоса, азаматтар сот жүйесін және оның қандай, қалай билік жүргізетіндігін, өз құқықтарын қалай қорғауды білуі керек.

– Бүгінде жастардың біразы ана тілімізде сөйлегісі келмейтіні аға буынды қынжылтатыны жастырын емес. Мемлекеттік тілдегі мектептерде білім алатын

балабақша тәрбиеленушілердің де орысша сөйлеп жүргенін көреміз. Қазақ мектебіндегі балалардың өздері үзіліс кезінде бір-бірімен өзге тілде сөйлейтінін байқаймыз. Оларға әке-шешесі де, мұғалімдер де ескерту жасамайды емес, жасайды. Бірақ, еш нәтижесіз. Ал кейбір ата-әжелер немерелеріне еріп, басқа тілде сөйлеп жатады. Одан олардың намыссыздығын байқауға болады емес пе?! Қазақта «Намыссыз халық – ынжық, құрып бітеді жүнжіп», «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» деген мақал бар.

Тіл туралы Дағыстанның атақты ақыны Расул Гамзатов былай деген:

«Балгер де емес,

дәрігер де емес емдейтін,

Тек өзмің тілім екен сөйлейтін.

...Егер тілім ертең болса құрымақ,

Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ».

Осы қанатты сөзді зердеге тоқып алғанымыз жөн.

Қазақ мектептері көбейіп, жоғары оқу орындарында сабақтар мемлекеттік тілде берілгендігі жақсы ғой. Алайда, олардың оқу, білім сапасына ерекше мән берілуі қажет.

«Кісінің көркі – киім емес, білім», «Кісінің сәні – өнер, білім, ақылы» дейді үлкендер. Олай болса, біз оқу, білім сапасына көп көңіл бөлуіміз шарт. Мұндай талап балабақшадан, тіпті, бала өмірге келген шақтан бастап жанұядан басталуы тиіс. Әрине, бұл жағдайлар күнде тоқтамай, шаршамай еңбек етуге шақырады. Бұл қасиеттер үлкендердің, жоғары лауазымды адамдардың, қызметкерлердің бақылауында болуы қажет. Сонда ғана біз жетістіктерге жете аламыз.

Бұл мәселеге жоғары оқу орындарында жете көңіл бөлінбей отырғаны бізді алаңдатады. Мемлекеттік тілді менгермеген студенттен қандай маман шығатынын бір сәт ойлап көріңізші! Әсіресе, болашақ дәрігерлер сапасыз білім алса, олар науқасты қалай емдейді? Үлкен мәселе.

Бізге жоғары оқу орындарына түсу

үшін шет тілінен емтихан тапсыруды талап етеді, оның қажеттілігі неде? Неге онда мемлекеттік тілден емтихан тапсыруды енгізбейді? Меніңше, шет тілін білу ғылым жолын қуғандарға керек. Онда шет тілін талапкерлердің өздері-ақ үйреніп алады.

Ана көңілі – теңізден терең, таудан жоғары, аспаннан биік. Ананың мейіріміне не жетсін! Ендеше, ана тілімізді неге құрметтемеске, неге мемлекеттік тілді өркендетіп, өзара ана тілімізде сөйлемеске?

– Мүмкін, мемлекеттік тілдің маңызын ұрпақтар жетесіне дұрыстап жеткізе алмай жүрген шығармыз?

– Біздің азаматтарымыз үшін үлкен міндет – ана тілін балаларына үйретіп, ана тілінде сөйлеуді талап ету. Аталарымыз бен бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен, саясаткерлік әдістермен бізге байлығы мол жерлерді мұраға қалдырды. Енді біз осы жерімізді болашақ ұрпағымызға сол көлемде аманаттауға тиіспіз.

– Бағдат Қаспақұлы, тәжірибелі заңгер болғандықтан, біраз мәселеге байланысты пікіріңізді білгім келіп отыр. Жақында «көшеде түкірігін шашип жүретіндерді аяма керек, заң тұрғысында жауапқа тартып, айыппұл салу керек» деген мәселе БАҚ-та көтерілді. Осы пікірге көзқарасыңыз қандай?

– Бұл мәселені баспасөзден оқып, біліп отырмын. Заң талабын қолдаймын. Себебі, біздің бірсыпырамызда әлі де болса, ішкі мәдениет жетіспейді. Көшеде кетіп бара жатып, қағаз, қоқыс

тастай салу, көлікті жүргізіп бара жатып, есігін ашып, түкіре салу, т.б. келеңсіздіктерді өз басым жиі көремін. Сондықтан көпшілік жүретін жерлерде түкіргені үшін айыппұл төлеу туралы заң ережесін енгізу орынды деп санаймын. Ол ереже азаматтарды мәдениеттілікке бейімдеудің шешуші тәсілі деп айтар едім.

Заңнамаға қарағанда, көпшілік жиі жүріп-тұратын, мәдени орындарда түкірік қалдыру – қауіпті. Далада, есік алдында, саябақта, көшеде, кісілер көп жиналған жерлерде түкіру микробтың көбейіп, түрлі жұқпалы аурудың таралуына әкелетіндігі айтылады. Сондықтан ондай заң талабын қатаң сақтауға міндеттіміз. Оны балаларға, немерелерге үйретіп, заң талабын сақтауды қатаң талап етудің маңызы зор.

– Сөз соңында оқырмандарға қандай кеңес айтасыз?

– Әрбір жанұя балаларының жақсы өмір сүруіне, оқуына, күні ертең еліміздің үлгілі азаматы болып ержетуіне жағдай жасағаны жөн. Балалар қандай мамандықты да жоғары дәрежеде игеруге ұмтылуы керек.

Ең маңыздысы, баланы мейірімді, шыншыл болып өсуге баулу қажет. Біз отбасының қадірін әрқашан биік ұстайтын халықпыз. Сол үшін таңның атысынан күннің батысына дейін адал еңбек етіп, мағыналы өмір сүреміз.

Ұрпақтарымыз ата-баба аманатына адал болып, байтақ елімізді, ұланғайыр жерімізді, қасиетті Отанымызды қадірлей біліп, Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай қорғауға, ел дәулетін еселеуге азаматтық үлесін қосса дейміз. Сонда ғана біз отаншыл ұрпағымызбен, мемлекетшіл балаларымызбен, немерелерімізбен мақтана аламыз әрі еңбегіміз еш кетпейді.

Нұрлан ҚАЛҚА,
Жоғарғы Сот төрағасының кеңесшісі



БІЛГЕН ЖӨН

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯННЫҢ ҚҰНЫ АҚШАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ

Дүниежүзіндегі демократиялық мемлекеттердің қайсысын алып қарасақ та, адам құқығын қорғау мәселесі бірінші орында. Біздің елімізде де дәл солай. Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп жазылуы осы сөзіміздің дәлелі. Осы орайда, еліміз тәуелсіздік алып, шаңырағын тіктегелі азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың барлық тетігі жасалып, әлемдік стандарттарға сай келетін сот жүйесі қалыптасты. Әрине, қоғам болған соң дау-жанжалдың орын алуы қалыпты құбылыс. Мәселен, бүгінде тәжірибе көрсеткендей, сотқа моральдық зиянды өндіру үшін жүргізілетіндердің қатары артқан.

Моральдық зиян дегеніміз – азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктің емес игіліктер мен құқықтарының заңға қайшы бұзылуының, кемсітілуінің, олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан немесе тән азабы болып табылады. Ал, жан азабы бұл адамның түрлі басынан кешкен қорлануына, ызалануына, қысым жасалуына, ашулануына, ұялуына, түңілуіне, залал шегуіне, қолайсыз жағдайда қалуына және т.б. қатысты сезімі болса, тән азабы күш қолданылуына немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты азаматтың сезінетін тәнінің ауырлығы.

Мұндай жағдайда, өзіндік құқықтары бұзылған кез келген жеке тұлғаның моральдық зардаптарын өтеуге құқығы бар. Мүліктік емес өзіндік құқықтардың қорғалуын азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша сот жүзеге асырады. Моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде жүргізілетінін атап өткен жөн. Сотқа жүгінген әрбір талап қоюшы талап қоюда оның өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуының мән-жайларын көрсете отырып, нақты дәлелдемелерін келтіріп, моральдық зиянды өтеуді қамтамасыз ететін өтемақы сомасын көрсетуге міндетті.

Мәселен Азаматтық кодекстің 9, 141-баптары мен басқа да заңдарға сәйкес, сот өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғауды моральдық зиянды өтеу арқылы жүргізеді. Кодекстің 187-бабының 1-тармақшасына сәйкес, моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға заңнамалық актілермен көзделген жағдайлардан басқа кездерде талап қою мерзімі қолданылмайды.

Тағы бір ескере кететін жайт, моральдық зиян тек ақшалай нысанда өтеледі. Ал, осы моральдық зиянды мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлық дәрежесі, өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың өмірлік маңызы, зиян келтірушінің кінәсінің

түрі назарға алынады. Өз кезегінде сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды. Ақшалай өтемақының мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасалғаны үшін және оның зиян келтірушіге келтірілген салдары үшін жауапкершілік шарасы болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге сәйкес келмейтін актілер шығаруының, заңсыз соттаудың, заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тартудың және өзге де жағдайлардың нәтижесінде азаматқа келтірілген моральдық зиян мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты) есебінен зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі.

АК-нің 917-бабының 1-тармағына сай, моральдық зиянды құқыққа қарсы (қасақана немесе абайсыздықтан) жасаған әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірген тұлға оны толық көлемінде өтеуге тиіс. АК-нің 952-бабының талаптары бойынша моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Осы ретте сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды.

Бірінші сатыдағы сот өндірген моральдық зиян өтемақысының мөлшері, егер бұл мөлшер аталған талаптарға сәйкес келмейтін болса, жоғары тұрған сот сатыларында қайта қаралуы мүмкін. Соттар моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлығын, оның субъективтік бағалануын, сондай-ақ, осы жағдайларды куәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда:

– өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың (өмірі, денсаулығы, бостандығы, тұрғын үйге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпиясы, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) өмірлік маңызын;

– жәбірленушінің басынан кешірген жан немесе тән азабының дәрежесін (бас бостандығынан айырылуы, дене жарақаттарының келтірілуі, жақын туыстарынан айырылуы, еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы немесе оның шектелуі және т.б.);

– моральдық зиянды өтеу үшін қажет болып табылатын зиян келтірушінің кінәсінің түрін (пиғыл, абайсыздық) назарға алуы қажет.

Сот моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде іс материалдарымен бекітілген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылыққа тартылатын адамның отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

Б.ИСАҒАБЫЛОВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МӘМІЛЕ

Күнделікті сотқа түрлі сипаттағы талап қоюлар түсіп жатады. Өмір болған соң, бұл қалыпты құбылыс. Себебі, біреу отбасымен жанжалдасып, некесін бұзуды сұраса, келесісі көршісімен жер теліміне қатысты дауласуы мүмкін. Қарыз ақшасын өндіру жайлы талап қоюлар да қазіргі нарық заманында көп. Олардың басым көпшілігін азаматтардың шағын несие бойынша қарызын өндіру жайлы талап қоюлар құрайды. Кейде ағайынды адамдардың мұраға қатысты дауларын, өрлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлуді сұраған дауларын да шешуге тура келеді.

ТАТУЛАСУ БАРЛЫҚ УАҚЫТТА МАҢЫЗДЫ

Бұрынғы сот жүйесі аталған даулар бойынша көбіне тараптың әрекетінің заңдылығына баға беріп, істі негізінен қарап, түпкілікті шешім қабылдайтын. Бұл дегеніміз дауласушы тараптың бірі ұтып, екінші тарап жеңіліс табады. Ал қазір соттар тараптың бірін ұтқызып, келесі тарапты жеңілдіруге, яғни, соңғы нүктесін қоятын шешім шығаруға емес, оларды бітістіруге, татуластыруға, дауды тоқтатуға ынталы.

Талап қою өндірісіндегі талап қою арыздарын бұрын талап арыз түскен соң бес жұмыс күнінің ішінде соттың іс жүргізуіне қабылдап, істі сотқа әзірлеу барысында ғана тараптарға дауды бейбіт жолмен реттеу құқығын түсіндіретінбіз.

Қазір татуластыруға бағытталған шаралар талап қою сотқа алғаш түскен күннен бастап қарқынды жүргізіледі. Осы мақсатта азаматтық сот ісін жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізіліп, республика соттарында арнайы белгіленген татуластырушы судьялар дауласушы тарапты талап қою түскеннен бастап келесі күннен кешікпей татуластуға шақыру жолдап, татуласудың тиімді тұстарын түсіндіреді.

Тараптарға дауды өзара бейбіт жолмен шешудің үш түрі, яғни өза-

ра келісіп, татуласу (бітімгершілік) келісімін жасау, медиаторға жүгіну арқылы дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасау егер екі тараптың да адвокаты немесе заңгерлер палатасының мүшесі құқығын қорғаса, аталған тұлғалардың жәрдемдесуімен партисипативтік рәсім негізінде келісім жасау ұсынылады.

Сондай-ақ, тараптарға дауды бейбіт жолмен реттеудің тиімді тұстары, яғни, олардың екі тарапқа қолайлы келісімге қол жеткізетіні, келісім шарттарын әр тарап онда белгіленген мерзімде ерікті түрде орындайтыны, дауласып уақыт жоғалтпайтыны, бір-бірімен жақсы қарым қатынастарын сақтап қалатыны, сот шығындарынан арылатыны түсіндіріледі.

Егер тараптар жоғарыда аталған келісімдердің бірін жасап, сотқа ұсынған жағдайда, сот бірінші кезекте келісімнің заң талаптарына сәйкестігін, ешкімнің заңды мүдделерін бұзбайтынын тексереді.

Татуластырушы судья тараптарға, егер сот тараптармен ұсынылған келісімді бекіткен жағдайда осы іс бойынша іс жүргізудің тоқтатылатынын, оның құқықтық салдарын түсіндіреді.

КМЕ



М.СЕЙДУАХАН,
Түркістан облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

Мемлекеттік тіл – мемлекеттіліктің ұлттық коды. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың әрқайсысының қалыптасу, өркендеу жолы бір-біріне ұқсай бермейді. Ол әр мемлекеттің өзіндік мәдени және рухани өресіне, материалдық және техникалық мүмкіндіктеріне, табиғи жағдайына, т.б. толып жатқан факторлармен айқындалады. Алайда адамзат тарихы көрсеткендей, олардың тағдыры көршілерімен қарым-қатынасқа

БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН ХАЛЫҚТЫҢ БІРІГУІ ҚИЫН

да көп байланысты. Мемлекеттік тіл мәртебесі Конституцияда бекітілген, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі.

Тіл – ұлттың ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы – тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай міндет емес, себебі ол тіл сол мемлекет иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни, ол өнер, әдебиет, мәдениетте, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс-қағаздар т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы қажет.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық, патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Түптеп келгенде, ол өңірдің, елдің ұлттық қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылығы мен интеллектуалды даму мәселесі де. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі,

Бұл дегеніміз, іс жүргізу тараптардың келісімін бекіту негізінде тоқтатылған жағдайда нақ осы тараптар арасында нақ осы дау бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді.

Соттың тараптардың татуласу, медиация немесе партисипативтік келісімін бекіту негізінде іс жүргізуді тоқтату жайлы ұйғарымы істі негізінен қарау нәтижесінде қабылданған шешімге теңестіріледі. Себебі, келісімде белгіленген мерзімде екінші тарап өз міндеттемесін ерікті түрде орындамаған жағдайда, сот келесі тараптың өтініші негізінде атқару парағын шығарып, ұйғарымды мәжбүрлеп орындауға жолдайды.

Жаңақорған аудандық сотына биыл 9 айда түскен талап қоюлар бойынша да татуластырушы судьялармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 108 іс бойынша дауласушы тараптар татулыққа қол жеткізген. 84 іс бойынша тараптар медиация тәртібімен дауды реттесе, 16 іс бойынша өзара татуласып, келісімге келген. Ал 8 іс бойынша дау олардың адвокаттарының жәрдемдесуімен тараптардың татуласуы негізінде тоқтатылған.

Осы татуласу негізінде тоқтатылған істердің 86-ы, яғни 79 пайызы татуластырушы судьялармен жүргізілген қарқынды жұмыстардың негізінде сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы, яғни талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданғанға дейін шешімін тапқаны куантады. Біз өз тарапымыздан дауласушы тараптарға келісімге келу, татуласу кез келген уақытта маңызды екенін айтудан жалықпаймыз.

Халқымызда «Әділдік бар жерде, татулық та бар. Татулық бар жерде, бақыт та бар. Бақыт бар жерде, керемет өмір бар» деген даналық сөз бар. Татулық-табылмас бақыт екенін естен шығармаспақ екен.

Әлия ТҮБЕКБАЕВА,
Жаңақорған аудандық сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ШКІР

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ӨРКЕНИЕТ ЖАЗУЫ

Латын әліпбиі туралы алғаш сөз қозғалғаннан бері ғылыми ортада латын әліпбиінің мүмкіндіктері мен оны қазақ әліпбиіне көшіру мәселесі жөнінде түрлі дәрежедегі талқылаулар болып, көптеген ғылыми зерттеу мақалалар да, түрлі автордың әліпбилері жарияланды. Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толығырақ түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс табады. Барлық уақытта да тілдің өзіндік заңдылықтарын ескеріп, үнемі жетілдіріп отыру керек.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз. Осы тұрғыда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор.

Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазылуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Бүгінгі таңда латын әліпбиіне көшуге қатысты түсінік біржақты қалыптасып келе жатқан тәрізді. Алайда, еліміз көпұлтты болғандықтан қарсы пікірлердің де барын жасырмауымыз керек. Оның себебі, түсіндіру жұмыстарының жетіспеушілігінен туындайды. Қарапайым халыққа латын әліпбиіне көшудің мән-жайын, қажеттілігін, маңыздылығын әлі де болса түсіндіруіміз қажет. Мысалы, латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, білім алып мамандығын шындап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмейді, жұмысын жеңілдеті түсуге ықпал етеді.

Соған орай, кез келген әліпбидің міндеті графикалық, лингвистикалық, техникалық талаптарға сай болуы керек. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден ардылатын кез келді. Әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері латын әліпбиін қолданады, латын әріптері – өркениет жазуы, өмір талабы, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай латын жазуының игілігін көруіміз қажет.

Ж.ҚАРАШАЕВ,
Мұғалжар аудандық соты кенесінің бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫМЕН ЕМЕС, СЕБЕБІМЕН КҮРЕСКЕН АБЗАЛ

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті. Біз көп жағдайда мәселенің салдарымен күресеміз де, себебіне үніле бермейміз. Ал оның себебіне үңілген сайын, әр саладағы қордаланған өзекті мәселелердің шеті қылтияды.

Негізінен, әділетті, таза қоғам сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді. Бұл індет мемлекет дамуын тежеп, бүкіл саладағы жетістіктерді жоққа шығарады. Мемлекет сыбайлас жемқорлықтан үлкен қаржылық нұқсан ғана көріп отырған жоқ, ол сонымен қатар қарапайым еңбек адамдарының рухани ізденістеріне де кедергі жасауда.

Статистикалық деректер, көп ретте, бұндай әрекетке мемлекеттік қызметкерлердің, қаржы компаниялары мен жергілікті атқарушы билік пен құқық қорғау органдарының көп баратынын көрсетеді. Яғни, экономика-

лық, қаржылық, әлеуметтік тұрмыс тіршілікті көлденең табыс, көлеңкелі бизнес арқылы дамыту аталмыш сала қызметкерлерін тура жолдан тайдырады. Демек, жемқорлықпен күрестің бастауы мамандарды қызметке іріктеуде қатан талап қажеттігін көрсетеді.

Экономикалық фактор сыбайлас жемқорлыққа себеп болғанда ол тек саланы ғана құлдыратпайды, ол мемлекеттің болашағына нұқсан келтіріп, халықаралық аренадағы беделіне қаяу түсіреді. Жас мемлекетке инвестиция салуға ниетті шетелдік қаржыгерлердің жолын кеседі. Сол секілді құқықтық саладағы жемқорлық мемлекетті көшбасшылыққа ұмтылған елдердің тізімінен төмендетеді. Ашық, әділетті, қоғам принциптерін алыстатады. Санамалай берсек, жемқорлыққа итермелейтін себеп көп, ол себептердің салдары

тіпті ауыр. Осындай қордаланған факторлардан соң қоғамның бұл індетпен бірлесіп күрескені абзал. Сыбайластыққа төзбеу түсінігін барлық салада алға шығару маңызды. Және бұл ұғым-түсінік адамға бала жастан сіңісті болуы керек. Яғни, мектеп қарбығасында балаға сыбайлас жемқорлықпен күрестің негіздерін, оның қауіпті індет екенін, оған кез келген уақытта әрбір қоғам мүшесі қарсы тұра алатынын айтып түсіндірілген абзал. Болашақ жастардыкі. Ендеше, олардың бақытты, жемқорлықсыз, әділетті, таза болғанын қаласақ, онымен күресті дәл бүгін күшейтуіміз міндет.

Нұрсұлтан ИБРАИМОВ,
Алақол аудандық сотының аға сот приставы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚТЫҢ БИЛЕРІ –
ДАНАЛЫҚ ӨЛШЕМІ

ҚазҰУ –
КӨПШІЛІК ТАҢДАУЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орны. Сапалы білім, инновациялар, зерттеулер мен қызмет көрсету, заманауи тілдер бойынша жоғары деңгей, халықаралық мойындаулар мен құрамы мықты профессор-оқытушылар – осының бәрі университет мақтаншы. Ұлттық университеттің түлектері мемлекеттік органдарда, үкіметте, өртүрлі қызмет көрсету салаларында жұмыс атқарады. Бұл университеттің жоғары беделінің негізгі құрамдас бөлігі.



зиденті Хасан Рашид Әл-Дерхаммен екі университет арасында өзара түсіністік туралы келісімге қол жеткізді. Жоғары оқу орындарының студенттері түсіретін телефильмдер мен телебағдарламалар өндірісіне қолдау білдіру, телемаман-дар арасындағы мәдени және шығармашылық байланыстарды нығайту әрі дамыту, ұлттық телевизиялық мектептің жетістіктерін дәріптеу арқылы Қазақ телевизиясының қайраткерлері Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Сағат Әшімбаев, Нұртілеу Иманғалиұлының есімін ұлықтау мақсатында Ұлттық университет студенттер мен ғалымдар арасында телевизиялық «Таңшолпан» жастар байқауын ұйымдастыруда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық университеттер ұлттық рейтингісінің көшбасшысы және QS халықаралық рейтингісінде әлемнің 800 үздік университеті арасында 200-орынды алады.

2015 жылдың 29 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Samsung Electronics компаниясы Samsung компаниясының инновациялық сервис академиясын игерді. Осы уақыт ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мобильдік құрылғыларға арналған бағдарламалық камтамасыз етуді әзірлеу үшін «Радио-техника, электроника және телекоммуникация» мамандығының студенттеріне арнап курстар өткізді және Samsung Electronics компаниясы ұсынған құрылғылар мен инфрақұрылымға негізделген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлы шешімдер саласындағы қолданбалы зерттеулер жүргізді. Сондай-ақ, компанияның бастапқы бәсекелестігі үшін бірнеше студенттік жаңалықтар ұсынылды, олардың кейбіреулері бүгін жұмыс істеуде. Заманауи қауіпсіздік жүйелерін проектилеу, шешімдерді талдау, қауіпсіздік жүйелер үшін бағдарламалар құрастыру жұмыстарын үйрену үшін студенттерге Ақпараттық жүйелер кафедрасында «Техникалық қауіпсіздік жүйелері» атты курс оқытылады. Жакында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Катар университетінің пре-

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы 2022 жылы «Қазіргі жағдайдағы криминалистика және сот сараптамасы» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция, «Крим-Экс – 2022» криминалистика және сот сараптамасының үздік білгірлері», «Сот және құқық қорғау жүйесі дамуының тұжырымдамалық бағыттары: Республикалық және халықаралық құқықтық тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Халиков оқулары), сондай-ақ «Қылмыстық саясаттың даму тенденциялары жаһандану жағдайында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Баймурзин оқулары) іс-шараларын өткізді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – болашақта табысқа жетудің баспалдағы!

Меруерт БИСЕНОВА,
Гүлзагіра АТАХАНОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің
қылмыстық құқық, қылмыстық
іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының оқытушылары

Саулет СЕРІКУЛЫ,
1 курс магистранты



А.ТӨЛЕУ,
Ақтөбе облыстық
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас-мамап,
сот отырысының хатшысы

Қазақ даласындағы құқықтық ережелерді қолдану тарихы тереңде жатыр деп айтуға болады. Онда туын-даған әдет-ғұрып нормалары ұлттық сана-сезімнің көрінісі әрі құқықтық мәдениеттің іргетасы.

Қазақ халқына қашанда ар-ождан қымбат, әрбір қазақ «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қара сөзге бас иген. Қазықтың әдет-ғұрып нормалары адамгершілік қасиеттерге тұнып тұруы да сондықтан. Бір сөзбен айтсақ, көшпелі қазақтардың құқықтық мәдениеті халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық салт-санасына лайық еді. Яғни, әдет-ғұрып нормалары ұлттық болмыстың туын-дысы болды. Сан ғасырлар бойына қазақ халқының қоғамдық өмірінде әділеттілікті сақтау мен құқықтық

катынастарды дамытуда, құқықтық-саяси сана мен мәдениеттің дамуына от ауызды, орақ тілді билер белсенді ықпал етті. Би сөзінің түп негізі «бек», «басқару», «билеу», «билік ету» деген ұғымдарды білдіреді. Билер халықтың көкейіндегісін айтып, көмейіндегісін жарыққа шығарып отырған. Бұл тұлғаның ерекшелігі сонда, биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би таразы басын тең ұстап, әділдікті сақтап, қара қылды қақ жарып айта-тын парасатты адамдар болған. Биге табиғи дарын, текті ақыл, алыстан көріп, барлай алатын, оны зерделей білетін дана да дүлдүл шешендер таңдалған. Міне, осы би ұғымының мәнін ашатын: «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би», деген сөз тарихта қалса керек.

Қазақтың атақты билеріне тоқталар болсақ, Төле, қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерден қалған сөз билігі дәстүрі тарихи құндылық. Олардың заманында, Ахмет Байтұрсынов пікірімен айтқанда, «әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын таптырмас дәрі еді». Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді салыстырып алға тартқан. Мал дауы мен жер дауына, ар дауы мен намыс дауына кесімді билік айтып, «тілімен түйіп, тіспен шеше алмас» тұжырым жасаған. Халықтағы билер кеңесінің беделі күшті болғаны соншалық, хандар кеңестің келісімі мен қолдауынсыз мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шеше алмаған. Ханның қолында негізінен

атқарушы билік шоғырланса, заң шығарушылық қызмет пен сот билігін билер кеңесі атқарып отырған. Билер кеңесі демекші, облысымыздың кей аудандарынан сотқа дейінгі татуласу орталығы және билер кеңесі ашылып, өз жұмыстарын бастаған болатын. Ол орталықтар жанжалдарды шешу үшін дауласушыларға оңтайлы шешім табуға бағытталған.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын қарастырған зерттеушілердің көбісі билер институтын хандық және сұлтандық институттардан кейінгі үшінші орынға қояды. Біз бұдан қазақ даласында атам заманнан ақ билік бөлінісі принципінің болғанын көреміз. Төле, Қазыбек, Әйтеке өмір сүрген кезең – тарихымыздың тәлімі көп, ел үшін үлгі болатын ерекше кезеңі. Олар жаугершіліктің кесірінен ыдыраған халқының есін жиған, әділетті билік шешімдерінен айнымай, келешекке көз салып, үміт отын жағу арқылы көрегендік пен ұйымдастырушылық көрсете білген. Қалай болғанда да сан ғасыр бойы халқымызбен бірге жасасып, оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген билердің рөлін, ұлттық кәдір-қасиеттерімізді сақтауға көмектесер еді. Бұл орайда, билер адамгершілік тұрғысындағы кәдір-қасиеттерді дарытып, қызмет барысында қолдану арқылы өзінің әлеуметтік-экономикалық негізін қалай білді.

Билер даналығы – бүгінгімізге үлгі, ертеңімізге әділ соттың мәртебесін айқындауға мүмкіндік берді.

ҚЫЗМЕТ

ӘДІЛЕТ САЛАСЫНДАҒЫ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

1991 жылдың 16 желтоқсанда «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Осы сәттен бастап тәуелсіз, мемлекеттегі әділет органдарының белсенді қызметі басталды.

1995 жылы Конституцияда Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Әділет органдарының барлық қызметі осы Конституциялық қарғаттарды іске асыруға және құқықтық мемлекеттің қалыптасуына бағытталған. Мемлекет тәуелсіз ел болғалы әділет органдары адам құқықтары мен бостандықтарының үстемдігіне, елдің егемендігіне бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысады. Әділет органдарына әр жылдары заң жүзінде басқа ведомстволарды жүргізу міндеттері жүктелді. Олар: қылмы-

стық жазаларды орындау, сотталғандарды түзеуді ұйымдастыру, Қазақстан азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар беруді және құжаттандыруды жүзеге асыру, азаматтарды тіркеуді жүзеге асыру, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі жұмыс, азаматтық хал актілерін, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу.

Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді, заң көмегін, құқықтық насихатты ұйымдастыру мен көрсетуді жүзеге асырады, зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады. Сондай-ақ, ҚР заңына сәйкес өкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді атқарушылық құжаттарды орындау

саласындағы мемлекеттік саясатты, Қазақстан заңнамасымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті әрбір азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық саясатты құзыретті және кәсіби жүзеге асыруға бағытталған.

Тәуелсіздік кезеңінде қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттің талаптарына сәйкес келетін жақсы құқықтық жүйе қалыптасты. Шығыс Қазақстан облысы әділет органдарының қызметкерлері мемлекеттің құқықтық саясаты саласында қойылған міндеттер мен тапсырмаларды іске асыруға өз үлестерін қосуда.

А.ИКЛАСОВА
Шығыс Қазақстан облысы
Әділет департаментінің
әкімшілік-құқықтық бөлімінің
бас маманы

ЖАРНАМА

ӨРТҮРЛІ

2. «КазкомСантехСтрой №1» ЖШС, БСН 051240000642, жарғылық капиталдың 250 000 (екі жүз елу мың) теңгеге дейін төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Бәйдібек даңғылы, 116-14.

3. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.10.2022 жылғы ұйғарымымен «Автомобильно-строительные технологии - Казахстан» ЖШС-не: 020940006004-ке қатысты оналту рәсімі басталды. Кредиторлардың талаптарын қабылдау Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 32/1, 23-пәтер мекенжайы бойынша жарияланған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылады.
Тел.: +7 (717) 264-34-55.

ТАРАТУ

4. «Қаракемер-Данай» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі, ұйымы, БСН 170240034351, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Гагарин көшесі, 21/1 үй. Тел.: 87057372911.

5. «ДЖЕНГИЗ ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ АНОНИМ ШИРКЕТИ» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылындағы филиалы, БСН 111041017748, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 080400, ҚР, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Елімай көшесі, 43 үй. Тел.: 87770445723.

6. «ДЖЕНГИЗ ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ АНОНИМ ШИРКЕТИ» акционерлік қоғамының Ақтөбе қаласындағы филиалы, БСН 100841005878, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, 13. Тел.: 87770445723.

7. «Ассоциация «Абадан» заңды тұлғалар бірлестігі, БСН 120640016438, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Есенжанов көшесі, 19 үй.

8. «Жылыой-Азимут» қоғамдық қоры, БСН 100340021370, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Шоқпартоғай ауылы, 212 үй, тел.: 87012377117.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87762256506.

БАЙҚАУЛА

(Соңы. Басы газеттің №82 санында)

«Бар болғаны осы» дегендей, жан-жағына асықпай бір қарап алған Жанат:

– Жолдас майор, Вованы іздеп бара жатқанымда, жиналыс болатынын естіп, бөлімге асықтым. Қазір жиыннан шыққан соң баланы тауып сөйлеспекпін.

– Міне, мұның ақыл! Бірақ, қазір кеш түсті. Интернатка танертең барсаң да үлгерерсің. Ең бастысы, бала сабаққа шықпай тұрып сөйлескен жөн!

Қарауындағыларға берген тапсырмасын пысықтап шыққан соң, майор да үйіне үлкен үмітпен қайтты.

Жедел топ сыртқа шыққанда, кәсіпкердің інісі қарсы жолықты. Бағанағыдай емес, үстіне жеңіл былғары күрте пен спорттық шалбар киіпті. Токтарды көре салып, қалбалақтай қарсы жүрген жігіт үйіне дейін жеткізіп салуды ұсынған.

– Ис қалай жүріп жатыр? – деді әуелі. Токтардан мардымды жауап болмаған соң:

– Ағамды ойлап анам қатты ауырып қалды. Бүгіндікке екі рет «жедел жәрдем» шақырдык. Ал ана «қобра» немелерін де көрсетпей, тым-тырыс отыр. Оған ағамның аяқтан тұрғаны емес, тезірек өлгені керек болып тұр ғой!

Бастырмалата сөйлеген Олег жеңгесін біраз жерге апарып тастады. Тіпті, қастандыққа қарыз алған кәсіпкер ғана емес, жеңгесі де кінәлі болуы мүмкін дегенді шегелеп айтты. Иштарта сөйлеген жігітке жаны ашыған Токтар:

– Әзірге асығыс шешім қабылдамай тұра тұрыңыздар! Ағаңыз да оңалып кетуі мүмкін. Оның үстіне, коқыс полигонында қылмыскерлерді көрген баланы таптық. Бүгін кеш болып кеткен соң, интернатқа бармадық. Ертең Вованы алдырып, кінәлілерді анықтайтын боламыз, – деді үміттендіре сөйлеп.

– Солай ма?
Олег танданғанын жасыра алмады.
– Кішкентай бала бәрін көрген екен ғой. Енді жасырмай айта болғаны...

Токтарды үйіне дейін жеткізген жігіттің одан кейінгі әңгімесі жеке бизнесіне, анасына қарай ойысты...

...Кешегі жиын Жанатты шабыттандырып тастады. Әсіресе, екі әріптесінің аузы аңқиып, өзіне төне қараған түрлері көз алдына келсе, еріксіз күле береді. «Мына «новичок» бізді қапы қалдырды» деген шығар-ау. Шіркін, бүгін Вованы тауып, қылмыскерлерді тезірек қолға түсірсе ғой, тіпті керемет болар еді. Бұл, әрі жұмысқа қабылдарда жылы қабақ танытпаған Жетен Естайұлына өзінің мықтылығын дәлелдеуге таптырмас мүмкіндік. Танертең интернатқа шықпақ болған жас полицейді департаменттен түскен қоңырау тағы тоқтатты.

– 8.40-та бүкіл жедел бөлім генералдың қабылдауында боласыздар! Бірден департаментке келу керек! Кешікпеңіздер! – дегенді телефонның ар жағындағы қатқыл дауыс нығарлап айтты.

Ал Вованы қайтпек? Бәлкім, Жетен Естайұлына ескертсе, жиналыстан босатар... Бірден бастығына қоңырау шалып еді:

– Жанат, бұл істің генералдың бақылауында екенін айттым ғой. Ол кісі ұзақ ұстай қоймас. Әрі кетсе 10-15 минут... Қай бағытта жұмыс жүргізіп жатқанымызды білген соң босатады, – деп көңілін су сепкендей басып тастады.

Әншейінде генерал тек басшыларды ғана қабылдайтын еді. Бұл жолы не боп қалғанын?..

Жанаттың бастықтың қабылдауына екінші рет келуі. Бірінші жолы – анасы екеуін есіктен кіре жылы қабылдаған

генерал қызмет барысында қаза болған әкесінің ерлік медалін мұның өңіріне өз қолымен қадаған еді. Одан бері де алты жыл зымырап өтіпті. Ал бүгін кіретін кабинет сол баяғы болғанымен, генерал бөлек. Ол тұста департаментті басқарған Сырымбет Оспанов қазір құрметті демалыста. Жаңа басшының қабылдауын біраз тосқан жедел бөлімнің кіргенінен шыққаны тез бол-

налист? Қай хабарға түсірмекші екен?» деген сауалына директор да, күзетші де ашып жауап бере алмады. Бір қуанарлығы, директордың кабинетінде де, интернаттың кіре берісі мен ұзын залда да бірнеше бейнекамера бар екен...

Қаңғыбас баланы кімнің іздеуі мүмкін? Жанатты жол бойы мазалаған

ТАМҰҚТАН ЖЕТКЕН ҮН



ды. Сөйлеген тек Жетен Естайұлы ғана. Оның есебін тыңдаған соң: «Қылмыскерлерді тезірек табыңыздар! Мен сіздерге сенемін!» – деген генерал көзінің астынан сынай қарап шығарып салды.

Сол бір ауыз сөзді телефоннан ести салса да болмас па еді? Бастықты шақырып алып білсе де, тақиясына тар келмес еді. Таң атпай тұтас бөлімді жинағанын қарамайсың ба?

Іштей қынжылған Жанат бастықтың рұқсатымен интернатты бетке алған. Интернат дегені қала шетіндегі екі қабатты шағын ғимарат екен. Ғимараттың өзі кіші болғанымен, орналасқан аймағы кең. Қоршаудың ішінде футбол, волейбол ойнайтын алаңдар, жаттығатын орындар арнайы жасалыпты. Спортпен шұғылданамын дегенге кедергі жоқ. Вованың қаңғыбастарға жиі кашуына қарағанда спортқа қыры болмай тұр. Әйтпесе, мынандай алаңда асыр салып жүрудің орнына не үшін коқыс жағалайды?

Интернаттың ішіне кірген Жанат алдымен директордың кабинетін іздеді. Мұның сауалын естіген соң:

– Біздің қаңғыбас баланы бәріңіз неге іздеп қалдыңыздар? – деді орта жастан асқан әдемі әйел әнтек жымысып.

– Бәрі дегеніңіз қалай? Менен басқа сұрағандар болды ма?

– Иә, түнде де Вованы арнайы хабарға шақырып жүрміз деп біреулер есік қаққан екен. Қанша қылыса да күзетші баланы мекенжайын тауып бермеген. Түн ішінде қайдан тапсын? Ал Вава күндіз маған арнайы келіп, атасының үйіне сұранып кеткен болатын. Ақтоғай деген ауылды білетін шығарсыз. Қаладан 30 шақырымдай жерде. Вава сонда. Міне, үйдің номерін жазып алыңыз!

Интернат директоры сол сөйлеген қалпында Жанатты есіктен аузына дейін шығарып салды. Мұның «Қандай жур-

сұрақ осы. Отыз шақырым жолды лезде тауысқан жеңіл көлік межелі жерге жеткенде сыртта тұрған бір топ адамды көзі шалды. Мынау хабар түсіретін журналистер емес. Киім киістері қал сұрасуға шыға салған ауыл адамдарына көбірек ұқсайды. Жақындағанда байқады... Жиналғандар қарт адамның қайғысына ортақтасып келгендер екен. Бұл кеш қалыпты. Түнімен немересін қойнына алып жатқан қарт танертең көз жазып қалғанына шыр-пыр.

– Неге өйтті? Қалай бұл әрекетке барды, білмеймін! Танертең екі сырымыды айдап ауыл шетіне кете қойып едім. Келсем, тура сарайдың алдында асылып тұр... Жалғызым-ау, жоқтау-шым-ау... деп кемсендеп жылаған қарт бір уыс болып шөгіп қалғандай.

Ауыл халқы бала өз өлімімен өлді ме, жоқ біреу өлтірді ме, ойланып жатқан жоқ. Кішкентай Вованы арқаннан ажыратып, төргі үйге жатқызып қойыпты. Осы аз ғана тәжірибесінде асылып өлген екі адамды көргені бар. Екеуінің де аларып кеткен көзін жаба алмай, аузына сыймаған тілімен алысып кеткен еді. Ал мына баланың бет-әлпеті оларға мүлде ұқсамайды. Кәдімгі ұйықтап кетіп, оянбай қалған адамдай...

Сыртқа шыққан соң бірден криминалистерге қоңырау шалып, Жетен Естайұлын жағдайдан толық хабарлар еткен Жанат әріптестері келгенше көрші-қоланды сөзге тартып көрмек болған. Таң елде жастардың ояна қоюы сирек. Мал айдаған, сыртқа шыққан адамдар күдікті ештеңе байқамады ма екен?

Өзара әңгімелесіп тұрған топқа жақындады. Шағын ауылдың халқы мұның кім екенін біліп те үлгерген екен. Бұл сұрақ қойып еді, бәрі бірден ұзын сарыға қарап, иек қаққандай болды. Ол да өзіне назар аударар сәтті күтіп тұрған сияқты, бірден:

– Мен бөтен адамдарды көрдім, екі

жігіт... Ауылға кіре сала, бірден осы үйдің алдына тоқтады...

Тілі сақау жігіт ойын жинақтай алмай, бірді айтып, бірге кетіп бара жатқан соң Жанат:

– Асықпаңыз! Бәрін ретімен айтыңыз, – деп тыйып тастады.

– Сонымен сіз екі күдікті адамды көрдіңіз, солай ма?

– Иә, қара көк «мерседес» мінген.

қоймайды. Тек соңғы уақытта жеңгесі артық сөйлейтінді шығарған. Оның да «емі» табылды. Ағасының хатшымен шүйіркелісіп отырған бір ыңғайлы сәтін әдемілеп түсірді де, жеңгесінің телефонына сарт еткізді. Қайдан жау табарын білмей үйде аласұрып отырған әйелге одан артық не керек? Күйеуінің ақталғанына қарамай, алысты да кетті. Бұл да барынша ушықтырып бақты.

Ақыры, ажырасуға бел буған әйел екі баласын жетектеп үйден кетіп тынды. Тура айтпаса да, ағасы әйелі екеуінің арасына кім түскенін тұспалдап біледі. Содан болар, ақша беруін де азайтқан. Ал алдыңғы ойындарда қолы жүрмей, қарызға белшесінен батып кеткен Олегке қалайда ақша табу керек! Ағасы ақшаны үйдегі сейфте сақтамайды. Банктегі шотын бұған оңайшылықпен айта салмасы тағы анық. Не істеу керек? Досымен бірге жоспар құрған жігіт сол күні Александрды алдап қала сыртына алып шықты. Інісінің: «Қарызым бастан асты. Өзің сөйлеспесен, мыналар мені тірідей түтіп жейді» – деген сөзіне Александр қаміл сенген. Ол үшін үйреншікті жағдай. Бұған дейін де жақынының мәселесін бірнеше рет шешкен кәсіпкер уәде етілген жерге жұмыстан шыға сап барды. Діттеген жерге Олегтің көлігімен жеткен Александр еш қауіп ойламаған. Қамсыз отырған кәсіпкер арттағы жігіт мойнына жіпті тастап жіберіп шірене тартқанда ғана көзі қарауытып, ауа қарманып, өліммен барынша алысып бақты. Бірақ, екеуі қойсын ба? Алдымен «жемітін» есінен тандырған қорқаулар, артында сейф пен есепшот нөмірі қолға тигенше қинады. Ал қажетті кодтарды білген соң, Александрды қайта қылқындырған. Қолы мүлт кеткен екен. Енді түнгі клуб жағалап, Серік Болатұлының тартпасындағы қолхатты ұрлағаннан да, шынашақтай баланы шырылдатып тұншықтырғаннан да пайда жоқ!

– Олег, бүгін дәрігерлер ағаңыздың жағдайы жақсарып келе жатқанын, ақырындап қол-аяғын қимылдатып, сөзді толық түсіне бастағанын айтты. Ертең жақын адамыңыздың бетіне қалай қарайсыз?

– Менің халімді құмар ойынға берілген адам ғана түсінеді...

– Ал кішкентай баланың жазығы не? Содан үміт күтіп отырған қарт кісіні де тірідей өлтіріп кеткендеріңізді білесіздер ме?

– Сиырдың соңында кетпегенде, ол да тірі қалмас еді...

...Төбеге қарап тілсіз қалған Олег бір келсе:

– Белесіз бе, бұрын менің түсіме тек карта ойнап жатқаным кіретін. Қою түтіннің арасында конизактардың қыпша бөлінін құшақтап отырып, қартаны «сызып» жатам. Кейде қарызын сұрап, кеңірдегіме жармасқан ойыншыларды көретінім бар. Бұған әбден етім үйренген соң ба, мұндай түстерді еден қыла бермеймін... Ал кешелі бері тамұқтан жеткен бір үн маза бермейді. Баланың үлінен басталған сол дауыс артына ұйықтап жатып тыпырлаған Вованың үніне ұласады. Шынымы айтсам, кіп-кішкентай бала өмір үшін сонша арпалысады деп ойламаппын. Әлде өзім босандық таныттым ба? Кейін жастықты алып жүзіне қарасам, арпалыстың бір белгісі жоқ. Алансыз ұйықтап жатқан сияқты. Өлді деген ағам тірі табылған соң, мына баланы да кеңірдектен ала кеткем. Былқ-сылқ етеді, тіпті маған жымыш тұрғандай... Өне, ол тағы да тура алдыма келіп тұр. Бастық, сізге көрінбейді, ә? Көріп тұрған жоқсыз ба? Осы мен жынданған шығармын...

Нұрлан ШЫНТАЕВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №153 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31